

«МЕНИҢ
ҰСТАНЫМЫМ:
ЕШҚАШАН ДА
ӨТІРІК АЙТПАУ»



ЖҮННЕН ЖІБЕК
ИІРГЕН



«ҰШҚЫШ БОЛУ-
ДЫ АРМАНДАП,
ПАРАШЮТПЕН
СЕКІРДІМ»



Өкілетті Кеңес Төрағасы МҰСА ЙЫЛДЫЗ

ГАЗЕТИМІЗГЕ
СҰХБАТ БЕРДІ

Таяуда Әзірбайжанның Шеки шаһарында ТҮРКСОЙ Тұрақты Кеңесінің 34-ші отырысы өтіп, онда Түркістан қаласын түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы етіп бекіту туралы шешім қабылданған болатын. Осыған орай Өкілетті Кеңес Төрағасы, профессор Мұса Йылдыз қаладағы және оқу орнымыздағы бір топ баспасөз өкілдерімен жүздесіп, өзара пікір алмасты. Кездесу барысында Түркістанның түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы болып жариялануына орай шара аясында атқарылатын іс-шаралар басты тақырыпқа айналды. Дөңгелек үстелге «Южный Казахстан», «Жанубий Қозоғистан» газеттерінің тілшісі Шамырза Мадалиев, «Түркістан» газетінің тілшісі Ләззат Сарыбаева, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Әбдірахман Қыдырбек, Түркістан қалалық әкімшілігінің баспасөз қызметінің маманы Ақерке Исабекова, «Ғасыр» газетінің тілшісі Еңлік Байбосынова, «Қаратау тәжі» газетінің тілшілері Зәуре Жанғабылова мен Жадыра Төлебаева, «Ясауи университеті» газетінің редакторы Жанар Бейсенбаева, журналист Ғалымжан Тәжібаев, университеттің кәсіби бағдар бөлімінің маманы Ұлдарай Батырқызы, «Ақпарат орталығының» мамандары Балтағұл Оспанова мен Гүлнар Маманова, журналистика мамандығының 1-курс студенті Жібек Исмаилова қатысты. Дөңгелек үстелді университет түлегі, Гази университетінің докторанты Мырзахан Байболов жүргізіп отырды.

Мұса Йылдыз: Құрметті қонақтар! Қожа Ахмет Ясауидің қазіргі таңдағы ордасы – Халықаралық қазақ-түрік университетіне хош келдіңіздер! Көкейлеріңізде жүрген сұрақтарыңыз болса, ортаға таптап сыр бөлісейік.

Мырзахан Байболов: ТҮРКСОЙ қарары негізінде «Түркі тамырластар ЮНЕСКО-сы» аталып жүрген Түркістан қаласы биылғы жылы түркі дүниесінің мәдени астанасы атанды. Мәдени астана мәртебесінің байрағы Әзірбайжанның Шеки төрінен қолымызға көшіп, мерейімізді бір көтеріп тастады. Мәдени-рухани өміріміз үшін үлкен маңызға ие осынау мәртебелі шешім – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жан-жақты насихатталуда. Бүгінгі басқосуымыз да осы мақсатқа негізделеді. Сұрақтарыңыз болса, мархабат!

Жанар Бейсенбаева: Түркістан қаласындағы түркі жұртының басын біріктірген университет үлкен игі іске мұрындық болып келеді. Қаншама ірі симпозиумдар, конференциялар өтуде. Биылғы жылы қандай іс-шаралар өткізуді жоспарлап отырсыздар?

Мұса Йылдыз: Биылғы 2017 жылды түркі әлемінің мәдени астанасы аясындағы атқарылатын іс-шаралардан бұрын, өткен 2016 жылы атқарылған іс-шаралар жайлы айта кетуді жөн санаймын. Баршаңызға белгілі, өткен 2016 жыл ЮНЕСКОНЫҢ шешімімен Ясауи жылы болып жарияланды. 2015 жылғы желтоқсандағы ЮНЕСКО мәжілісінде Түркияның ұсынысы қаралды. Бұл шешімді бауырлас Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан мемлекеттері қолдады. Осылайша ЮНЕСКО шеңберінде 2016 жыл Ясауи жылы болып жарияланды. Осы шара аясында университетте көптеген симпозиумдар, конференциялар ұйымдастырылды.

(Сұхбаттың толық нұсқасын газетіміздің 2-бетінен оқи аласыздар)

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

УНИВЕРСИТЕТ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ
ҮНІ

e-mail: a.yassau@mail.ru

№2 (429) 30 ҚАҢТАР 2017 ЖЫЛ

Ясауи УНИВЕРСИТЕТІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМ ӨТТІ

25 қаңтар күні оқу ордамызда «Тәуелсіз Қазақстанның өзгерістері мен даму жолдары» атты халықаралық симпозиум өтті. Университетіміз үшін аса маңызы бар іс-шара алдында «Ясауи көрмесі» жайылды.

Симпозиумның ашылу салтанаты Өкілетті Кеңес төрағасы, профессор Мұса Йылдыздың ақын Мағжан Жұмабаевтың түріктерге арнап жазған «Алыстағы бауырыма» атты өлеңінің мағынасын талдап, бауырмал қазақ халқын ерекше жақсы көретін шаттық сезімге толы сөзімен басталды.

Мағжан ақынның «Мен жастарға сенемін» өлеңін жатқа айта тұрып, ақынның бүкіл түркі дүниесі жастарын патриотизмге шақырғандығын, Тәуелсіздік алғанына 25 жыл толған қазақ елінің, соның ішінде Түркістанның биылғы жылы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» болып жарияланғанын, шаһардың тағы көркейе түсетінін айтып, симпозиум қонақтарын құттықтады.

Өкілетті Кеңес мүшесі, профессор Мухитин Шимшек ғылыми жиынға қатысушыларды Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен құттықтап, бүгінгі симпозиум жұмысына сәттілік

тіледі.

Университет президенті, профессор Уәлихан Әбдібеков 2016 жылдың еліміздің тарихында елеулі жыл -Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық торқалы тойы болғандығын, осы уақыт аралығында еліміз жедел даму бағдарламаларын жоспарлап, уақытынан бұрын орындағанын. Нәтижесінде, Қазақстан өз бағыты мен жолын айқындаған зайырлы мемлекетке айналғанын, бүгінгі өтіп отырған іс-шара соның айғағы екендігін айтып, келген қонақтарға, симпозиум жұмысына сәттілік тіледі.

Құттықтау сөздерден кейін басшылар Өкілетті Кеңес төрағасы Мұса Йылдыз бен Мухитин Шимшекті «Ясауи» төсбелгісімен марапаттады.

(Соңы 5-бетте)

СПАРТАКИАДА МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Оқу ордамыздың оқытушы-профессорлары мен қызметкерлері арасындағы факультетаралық XXV спартакиадасы өз мәресіне жетті. Спартакиада қорытындысында Кентау институты бірінші тұғырға көтерілді.

Кентаулықтардың қарсылас командалармен ойын барысында әр спорт түрінен алған ең төменгі орны - үшінші орын болғанын айта кету керек. Филология факультетінің қыздары жүзуден алғашқы орынды иеленсе, жаратылыстану факультетінің арулары екінші орынға көтерілді. Шахматтан инженерия факультетінің құрама командасына жетер ешкім болмады. Мұнда Кентау институты екінші, филология факультеті үшінші орынды иеленді. Ерлер волейболы қызықты әрі тартысты өтті. Бұл ойында ректораттың жігіттері ерледі. Кентау екінші, инженерия факультетінің жігіттері үшінші

орын алды. Басқа факультеттердің де ішінара мықты қарсылас бола алғанын жасырып қалуға болмайды.

Жалпы қорытындыда, Кентау институты 1-ші, инженерия факультеті 2-ші, филология факультеті 3-ші тұғырға көтерілді. Биыл медицина факультеті 9-шы орында қалып қойды. Оған емтихан мерзіміне байланысты факультеттің бірде-бір ойынға қатыса алмауы себепші болған.

Екі аптаға созылған спартакиаданың жабылу салтанатында орынға ие болған алғашқы үштікке, ұйымдастырушыларға, команданың белсенді мүшелеріне марапаттау қағаздары ұсынылды. Барлық факультеттерге спорттық үлгідегі киімдер, футбол доптары сыйға тартылды.

Гүлдана ҚАРАБЕКОВА.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН СҰХБАТ

Өкілетті Кеңес Төрағасы Мұса Йылдыз: «ТҮРКІСТАН - ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕГЕ ЛАЙЫҚ ҚАЛА»

(Басы 1-бетте)

Мұса Йылдыз: Ясауи жылына орай 25 тақырып аясында 250 іс-шара өткізуді жоспарлаған едік, нәтижесінде 286 іс-шара өтті. Түркиядан басталған, Қазақстанда жалғасын тапқан іс-шаралар түркі мемлекеттерінде де кең қолдауға ие болды. Ясауи жылынан кейін Түркістан шаһары түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы болып жарияланды. Осылай-



ша Түркістан елордамыз Астана мен Түркияның Ескишехир, Түркіменстанның Марысы мен Әзербайжанның Шеки қаласынан кейін мұндай мәртебеге лайық деп танылған 5-ші қала атанды. Бұл шешім Шеки қаласында өткен ТҮРКСОИ халықаралық ұйымы тұрақты кеңесінің 34-ші отырысында бірауыздан мақұлданды. 2017 жылы да біз Қожа Ахмет Ясауи ілімін таныта отырып, Ясауидың отаны - Түркістан қаласын әлемге таныту үшін қолдан келгенше жұмыс жасайтын боламыз. Облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен ТҮРКСОИ-дың бас хатшысы Дүйсен Қасейінов Шымкент, Түркістан қалаларында болды. Кездесу барысында «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында өткізілетін іс-шаралар жоспары қаралды. Жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі Халықаралық қазақ-түрік университетінде өтетін болады. Алғашқы іс-шарамыз 25 қаңтарда өткен «Тәуелсіз Қазақстанның өзгерістері мен даму жолдары» атты симпозиумнан басталды. Сәуір айында әлеуметтік ғылымдар конгресінің III форумын, қазан айында халықаралық Түркология конгресінің Түркістан қаласында өткізіміз. Қараша айында Түркістан тарихына арналған үлкен алқалы жиын өтеді деп жоспарлап отырмыз. Мен қазіргі Түркістан қаласын емес, ескі Түркістан автономиясының тарихын айтып отырмын. Жоғарыда айтылғандардың барлығы негізгі шаралар. Алдағы уақытта университетте бұдан басқа да симпозиумдар, конференциялар, мәжілістер, баспасөз мәслихаттары, конгрестер, концерт-фестивальдар, көрмелер жалғасын табатын болады. ТҮРКСОИ халықаралық ұйымы 2010 жылдан бастап, түркі мемлекеттерінің мәдени астаналарын тандай бастады. Алғашқы таңдау 2012 жылы Қазақстанның елордасы – Астана қаласына түсті. 2013 жылы Түркияның Ескишехир қаласы, 2014 жылы Түркіменстанның Мары қаласы, 2015 жылы Татарстанның Қазан қаласы, 2016 жылы Әзірбайжанның Шеки қаласы мәдени астана атанды. 5 жылдың ішінде Қазақстанның екі бірдей қаласы мәдени астана статусына ие болды. Бұл жағдай бізді ерекше бақытқа бөлейді. Қазақстанда, Халықаралық қазақ-түрік университетінде қандай бір іс-шара өтсе де біз елдеп отырамыз. Біздің екі Отанымыз бар. Ана жұртымыз – Түркия, Ата жұртымыз – Қазақстан. ТҮРКСОИ Тарихи шаһарды түркі әлемінің мәдени астанасы деп жариялады. Түркістан - ерекше мәртебеге лайық қала.

Шамырза Мадалиев: Осыдан бес жыл бұрын профессор Құлбек Ергөбектің бастамасымен ортақ түркі тілін пайдалану мәселесі көтеріліп еді. Түркиядан, Орта Азия мемлекеттерінен келген ғалымдардың қолдауымен түркі тілін әлемдік деңгейге жеткізу мәселесі қозғалған болатын. Осы жайында не айтасыз?

Мұса Йылдыз: Профессор Құлбек Ергөбектің бастамасымен симпозиум өткен еді. Елбасы Н. Назарбаевтың ұсынысымен 2010 жылы Астанада Түркі академиясы құрылды. Түркі халықтарына ортақ тіл мәселесі сол академияға жүктелді. Академияның басшысы Дархан Қыдырәлі де осы университетте жұмыс жасаған еді. Түркияда магистратура, докторантура бағдарламасын бітірген өте іскер азамат. Сіз айтқан мәселені Дархан мырза басшылыққа алып, шешімі табылады деп ойлаймыз. Түркі академиясы түркі

халықтарының ортақ тарихын, әліппесін шығару мәселесін қарастырып жатыр. Біздің университетіміз Түркі академиясымен бірлесе отырып «Tehlikedeki Diller» атты 4 томдық энциклопедия кітабын әзірлеп, жарыққа шығарғалы отыр. Төрт томдық кітаптың тұсаукесері 7-ақпан күні Астанада Халықаралық түркі академиясында өтеді. Кітаптың бір данасы біздің ғылыми кітапханаға да жеткізіледі.

Ләззат Сарыбаева: 86 жылдық тарихы бар қалалық «Түркістан» газетінің жауапты хатшысымын. Сіздерге аздап наз айтқым келіп отыр. Университет ұжымы біздің газетімізге жазылмайды. Студенттер мен оқытушы-профессорлардың мақаласын газетімізде жариялауға ұсыныс беремін. Түркі әлемінен келген студенттердің ой пікірін газет бетіне шығарып отырсақ, бүкіл іс-шараларды бірге насихаттап отырсақ деген ой бар.

Мұса Йылдыз: Өз басым газетіңізге арнап Ясауи жылында өткен іс-шаралар жайлы, Ясауи хикметтері, Түркістан тарихы жайлы мақалалар жазамын. Университеттегі бүкіл профессор-оқытушылар мен студенттерді де «Түркістан» газетіне мақала жазуға шақырамын. Ал газетке жазылу жағын қарастырамыз. Жуырда «Егемен Қазақстан» газетінен Дархан Қыдырәлі келді. «Егемен Қазақстан» газетіне университет ұжымы ресми мекеме ретінде жазылдық. Университеттен қаржы аудардық. 2017 жылдың қаңтарынан бастап бұл газет кафедра, деканат, кітапхана, жатақханаларда таратылып жатыр. «Түркістан» газетіне де мүмкін алдағы уақытта жазылатын шығарым.

Балтағұл Оспанова: Осы жерде журналист ретінде өз пікірімді айта кетсем деймін. «Түркістан» газетінің тілшісі Ләззат Сарыбаеваға жақсы жауап бердіңіз. Менің айтатыным дегенім, осында білім алып жатқан журналистика мамандығының студенттерін редактор, міне, бірнеше жыл болды «Түркістан» газетіне іс-тәжірибеге қабылдамай келеді. Газет редакторы Асан Оспанов «университеттерің газетіме жазылмады» деген сылтаумен оқытушы-профессорлардың да, студенттердің де мақалаларын газетке баспай жүр. Меніңше, «Түркістан» газеті мен Халықаралық қазақ-түрік университеті арасында бай-



ланыс болуы керек. Білімгерлеріміз газетте тәжірибеге жинақтаса, редактор мырза оқытушы-профессорларымыз бен студенттеріміздің мақаласын жарияласа деген тілегім бар.

Мұса Йылдыз: Мен қалалық «Түркістан» газетіне арнайы барып, келіссөздер жүргіземін. Бұл мәселені біз шешеміз.

Жібек Исмаилова: Университетімізде студенттер үшін барлық жағдай жасалған. Ғылыми кітапханамызда кітап қоры мол. Жатақханада да жанға жайлы. 2017 жылы студенттер үшін қандай жаңалықтар болады?

Мұса Йылдыз: Біздің басты мақсатымыз – студенттердің жағдайын жасау. Түркі халықтарына ортақ оқу ордасында студенттерге барлық жағдай қарастырылған. Біздің негізгі тілегіміз осы. Түркі дүниесінен келіп білім алып жатқан білімгерлер саны қазақстандық студенттерден де көп. Студенттер қолдарына дипломын алған соң елдеріне барып

қызмет жасаса, елінің дамуына үлесін қосса, түркі дүниесіне қызмет етсе деген тілек бар. Өткен жылы университетімізде ғылыми кітапхана пайдалануға берілді. Қазақстанда теңдесі жоқ кітапхана.

Тіпті Түркияның кейбір оқу орындарында да мұндай кітапхана жоқ. «Көш жүре түзеледі» демей ме?! Заман талабына сай кітапхананы кітап қорымен толықтырамыз. Интернет сыныптары, кафетерий, конференция залдарын студенттер пайданануда. Ашық спорт алаңы студенттер игілігінде. Қазір ашық алаңдарда, оқу ғимараттарында, жатақханаларда интернеттің жиілігін қарастырып, уай-фай жүйесін қостық. Жатақханаларды күрделі жөндеуден өткізіп, жанға жайлы жатақхананы студенттердің пайдалануына бердік. Алдағы уақытта тағы да жаңа жатақханалар салуды жоспарлап отырмыз. Түркі дүниесінен келген студенттерге бұрын Қазақстан тарапынан да, Түркия жағынан да шәкіртақы тағайындалатын. Біршама уақыт бұл жеңілдіктер тоқтап қалған еді. Биылғы қыркүйектен бастап студенттер 50 доллар көлемінде шәкіртақы алатын болды. Екі тараптан да. Бұл қаржы ата-анасынан жырақта білім алып жүрген студенттерге көмек ретінде беріледі. Жыл сайын Түркия тарапынан студенттерге 500 Түркия квотасын бөлеміз. Келешекте қаржы қарастырып, оны қазақстандық білім грантымен теңестіреміз. Яғни, бұрын квота негізінде білім алатын студенттерге шәкіртақы тағайындайтын боламыз. Студенттерге қатысты бірқатар жаңалықтарымыз бар. Өзірге бұл жағы құпия бола тұрсын.

Шамырза Мадалиев: Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Түркістан қаласына жасаған алғашқы сапарында Анкара қаласы мәрінің орынбасарымен бірге



келген еді. Онда 2017 жылы Түркістанға Түркиядан 1 миллионға жуық туристер келетінін мәлімдеген болатын. Біз мұны газет бетіне сүйіншіледік. Осы мәселеге айтарыңыз бар ма?

Мұса Йылдыз: Жансейіт Түймебаевтың Білім министрі, Өкілетті Кеңестің мүшесі болғанын жақсы білеміз. Өте іскер азамат. Ол кісімен бірге қоян-қолтық жұмыстар жасағанбыз. Түркістан қаласы мәдени астана атауын иемденгеннен кейін туристердің Түркістанға келуі заңдылық. Осы арқылы Түркістан әлемге танылады. Қаланың жарнамасы жасалады. Бұл әрине, қаланың тыныс-тіршілігі мен туристік әлеуетінің артуына зор мүмкіндік ашады деп ойлаймын. Түркістанның мәдени астана ретінде ашылуы наурыз айына жоспарланған. 2017 жылы наурызда түркі тілдес халықтардың театр фестивалі Түркістанда өтеді. Наурыздағы іс-шарадан бұрын 1-2 ақпанда Шымкент қаласында Түркі дүниесі іскер адамдарының форумы өтеді. Алқалы жиын қонақтары Түркістанға ат басын бұрады.

Ақерке Исабекова: Түркістан қаласына көптеген шетелдік туристер келеді деп жоспарлануда. Осы іс-шаралар кезінде тек университетте емес, қала көлемінде де аудармашылар қажет. Аудармашылармен қамтамасыз етуге көмек

бере аласыз ба?

Мұса Йылдыз: Университетте түрік филологиясы кафедрасы, Түркология ғылыми-зерттеу институты бар. Дайындық бөлімінде түрік тілін үйреніп жатқан білімгерлер, студенттер бар. Осы мәселе бойынша тиісті тапсырмалар беремін. Аударма жасай алатын студенттермен, арнайы мамандармен байланыстар орната аласыздар. Көмек береміз.

Жадыра Төлебаева: Кентау қаласында университеттің дайындық бөлімі бар. Ол жақтағы білімгерлер мәдени іс-шараларға қатыса ма?



Мұса Йылдыз: Міндетті түрде қатысатын болады. Мүмкін алдағы уақытта Кентаудағы дайындық бөлімінде де іс-шара ұйымдастыратын шығармыз.

Ұлдарай Батырқызы: Сіздің әңгімеңізден байқағанымыз, түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы Түркістан қаласында бірқатар мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады екен. Менің айтпағым басқа мәселе, журналистика мамандығының студенттері Қазыбек би көшесіндегі оқу ғимаратында оқиды. Филология факультетінің құрамында студенттердің тәжірибеге жинақтауына арналған студиялар жұмыс жасайды. Ол жер Мәдениет орталығында, ғылыми кітапханада өтетін іс-шаралардан ақпарат алуға қолайсыз. Орталықтан алыс жерде орналасқан сол студияларды Мәдениет орталығына көшірсе деймін. Болашақ журналистер заманауи техникалық құралдармен жұмыс жасауы керек. Мерейлі жылы аясында ұйымдастырылатын іс-шаралардан шет қалмай, журналистика мамандығына қажетті заманауи құралдармен қамтамасыз етілсе екен.

Мұса Йылдыз: Студиялардың жағдайымен танысуым, аралап көріуім керек. Факультет деканы Айтбаевамен барып ақылдасамын. Мәдени іс-шаралардың барлығын да хабарлап отырамыз. Студенттерді шақырамыз. Болашақта университеттің барлық оқу корпустары мен жатақханаларына хабар тарататын радио мен телеарна жұмысын жолға қоюға болады.

Мырзахан Байболов: Ақиқат ақпарат арқылы күн тәртібінің көшін бастап, қоғамдық көзқарас-пікірлердің көрігін күмгілддетер журналистер жиынын ұйымдастыруға азаматтықпен атсалысқан барша әріптестерге зор алғыс білдіреміз!

P.S. Бет қатталып жатқанда, Профессор Мұса Йылдыз уәде еткендей «Түркістан» газетінің редакциясында қонақ болғанын естідік. «Қасиетті өлкедегі қалам ұстаған қауым ұстаханасында басылм басшысы Асан Оспан бастаған ұжыммен жүрекке жылы тиер жүздесу өткізіпті. Тоқсан жылға таянған тамырлы газеттің тарихынан тарқата әңгіме өрбіп, бүгінгі бізден сөз қозғалыпты. Басылымды ұзақ жылдар басқарып, аманатқа адалдықтан айнымай өткен марқұм Балтабай Нұржанов сынды ардагер азаматтар құрметпен еске алыныпты. Құрметті қонақтардың



лебіз кітабына қолтаңба қалдырған Мұса бей Түркістанның тұтас түркінің мәдени астанасы атануын насихаттау ісінде қарашаырақ басылымның көш басында жүреріне сенім білдірген.

Дайындаған:
Жанар БЕЙСЕНБАЕВА.

ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

* Мерей

Профессор Гүльфаруз ЕРКИБАЕВА:

«МЕНИҢ ҰСТАНЫМЫМ: ЕШҚАШАН ДА ӨТІРІК АЙТПАУ»

Бар білгенін балаға үйретуден шаршамайтын, қашан көрсең де байсалды қалпынан танбайтын Гүльфаруз ЕРКИБАЕВАНЫ университетте білмейтін жан жоқ. Ол «Ғылыми мектептің негізін қалаушы» номинациясының иегері, Ресей Жаратылыстану академиясының «Білім және еңбек» орденімен марапатталған білікті оқытушы, университет әдістемелік бөлімінің басшысы, профессор. Гүльфаруз Ғинаятқызы 65 жасқа толып отыр. Мерейтой қарсаңында біз шәкірт жанын аялаған ұстазбен әңгімелесіп, өмір жолына үзіліп көруді жөн санадық.



Ұстаздық жолды таңдауыңызға не себеп болды?
Менің анам ұстаз болған. Ұстаздық жолды таңдауыма анам тікелей себепкер болды деп айта аламын. Еңбек жолымды мектеп мұғалімінен бастадым. 1974 жылдан 1996 жылға дейін Шардара ауданындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте мұғалім, оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі болып жұмыс жасадым. Әлі есімде, әкемнің қызмет бабымен көрші ауылға көшіп бардық. Бүкіл көшенің балаларын жинап алып, орындықтарды қойып мұғалім болып сабақ өткенім бар. Ол кезде 1-сыныпты бітірген кезім. Арамызда 3-4-сыныптың оқушылары бар. Өзімнен үлкен оқушыларды отырғызып қойып, кітап оқытып, диктант жаздырып, есептер шығартқаным бар. Қазір таң қаламын. Олар мені сол кезде жасымның кішілігіне қарамастан қалай тыңдады екен?! Мен ұстаз болуды бала күнімнен армандадым. Өзімнің мамандығымды шексіз сүйемін. Кезінде басқа жұмыстарға ауысуға мүмкіндіктер болды. Сонда мектептегі бірге жұмыс жасаған әріптестерім, сіз мұғалім болу үшін жаралғандайсыз, сабақ өтпей қалай жүресіз деген пікірлерін білдірді. Ғылыми-педагогикалық еңбек өтілім 47 жыл. Жарты ғасырға жуық педагогика, психология, орыс тілі мен әдістемесі бойынша дәріс беріп келемін. Жалпы орыс тілі мен қазақ тілі бойынша, педагогика саласы бойынша жазған оқу-әдістемелік құралдарым, монографияларым, электрондық оқулықтарым, оқу процесіне еніп, студенттердің қолдануында.

Ғылым өлемінде өзіндік орны бар ғылым докторы екендігіңізден хабардармыз. Ғылымға қалай келдіңіз?

Институттың 1-курсынан бастап оқытушы Валентина Николаевна Попова ғылым жолына баулыды. Антропоникимен жұмыс жасауды үйретті. 3-курста маған 8 ұлттың кісі аттарының мағынасын мен фонетикасын зерттеп, ұқсастығы мен ерекшеліктерін талдауды тапсырды. Осы жоба бойынша Семей қаласында студенттердің республикалық ғылыми жұмыстар сайысына қатысып, алғыс хатпен марапатталдым. Міне ғылымға деген қызығушылығым осыдан басталды. Институт бітірген соң, отбасы жағдайыма байланысты шалғай ауылда мектеп мұғалімі болдым. Отбасын құрып, балалы болдым. Ұстаздықпен қатар ғылыми жұмыстарды да қатар алып жүрдім. Ғылымға, ізденуге ынтам бар. Өзім мектеп мұғалімімін. Ол кезде тереңірек ізденуге мүмкіндігім де жоқ болды. Бағыт-бағдар беріп, жөн сілтейтін ешкім жоқ. Өз бетімше шежіре жинақтауға, кісі аттарының мағынасын зерттеуді бастадым. Энциклопедия, сөздік кітаптармен қатар ауыл ақсақалдарымен де пікірлесіп білмеген жерімді сұрап отырдым. Ру, жүздердердің шыққан тегі мен тарихын, кісі есімдерін жинақтадым. Сегіз бағана бөліп, қойылу себебін, сол ауданда жиналған есімдердің ішінен сол ат неше рет кездесті, қай тілден келгенін анықтадым. Шардара ауданы бойынша 14440 кісі атын жинадым. Осы бойынша кітап шығарамын дегенмін. Барлығын да жинақтап, кітап етіп шығаруды ойладым. Алайда бұл ойым әлі жүзеге асқан жоқ. Өткен жылы Қырымға іссапармен бардым. Сол кезде есімдермен жұмыс жасайтын Валерий Михайлович Калининмен таныстым. Бұл кісі ономастикамен айналысады екен. Бұрын бастаған жұмысымды қайтадан жалғастыруға мәжбүр болдым. Бағыт-бағдар беретін ғалымдар ауылды жерде қайдан болсын. Жетекшім Алматыда. Өзім ауылда тұрдым. Байланыс құралдары дамымаған. Қалта телефоны атымен жоқ. «Қазақстан мұғалімі» газетін үзбей алатынбыз. Осы журналда хабарландыруға көзім түсті. Онда «қазақ тілдің әдістемесінен аспирантураға түсемін деген адам керек» деп жазылған екен. Мен редакцияға хат жазып, орыс тілдің әдістемесі бойынша аспирантураға түсуге бола ма деп жазып жібердім. Кешікпей жазған хатымның жауабын алдым. Аспирантураға түсу үшін облыстық педагогикалық институтта немесе Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институтында ғылыми корреспондент ретінде жұмыс жасауым керек екен. Төрт балалы ауыл мұғалімі үшін бұл талаптар тиімсіз болды. Сол себептен Абай атындағы педагогикалық институтқа ізденуші болып тіркелдім. Кезінде он сыыр сауып, бір күнде бес күбі пісетімін. Отбасы мен қызметімді қатар атқардым. Бәріне де үлгеретінім. 1992 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетіне ғылыми ізденуші ретінде тіркелдім. 1995 жылы кандидаттық диссертацияны, 2002 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңесінде докторлық

диссертацияны сәтті қорғадым. Кандидаттық жұмысымды сегіз жыл жаздым. Осы жылдар ішінде түрлі тәжірибелік жұмыстар атқардым. Сөздіктер жаздым. 2005 жылдан бастап Халықаралық қазақ-түрік университетінде профессор қызметін атқарып келемін.

Өмірлік ұстанымыңыз жөнінде әңгімелесеңіз?
Әр адамның өз ұстанымы бар. Менің ұстанымым: ешқашан да өтірік айтпау керек. Орындай алмайтын істі орындаймын деуге болмайды. Кісіге қиянат жасағанды жаным сүймейді. Студенттерге де үйретіп отырамын. Өзіндік пікірі бар адамды ел де сыйлайды, құрметтейді. Кімнің тарысы піссе соның тауығы болып кетуден сақтасын. Бір-бірін жамандап, адамның арасына от тастау жаман қасиет. Осыны ұнатпаймын. Өз басым бір кісінің екінші біреуді мақтағанын естісем, сол адамға айтуға асығамын. Жамандаса, өлсем де айтпаймын. Білгенімді үйретіп, білмегенді сұрау керек. Мейлі ол жасы кіші болса да. Мәдениетті болып, әр адамға тұлға ретінде қарауымыз керек. Жасы кіші болса да пікірін тыңдауымыз керек. Ата-анамыз біреудің ала жібін аттамауға үйретті. Бір оқиға есіме түсіп отыр. Кішкене бала кезімде көршінің үйінен бір жіп алып келдім. Оны көрген анам, қайдан алсаң сол жерге алып барып, орнына қой. Екінші рет рұқсатсыз ешкімнің затын иемденбе деген еді. Жылдар өтіп, өзім әже болсам да осы оқиға күні кешегідей көз алдымда тұрады.

Жақсы маман болу үшін адам нені білуі және үйренуі қажет?

Ең алдымен іздену, үйрену керек. Қазақта «қырық бес жыл мұғалім болсаң да, қырық бес минут сабағыңа дайындал» деген сөз бар. Осы қанатты сөзді басты назарда ұстаймын. 1996-2004 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы Жетісай қаласындағы «Сырдария» университетінің аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, ғалым хатшысы қызметін атқардым. 2004-2005 жылдары «Мирас» университетінде ғылым жөніндегі вице-президент болдым.

Қиындығы мен қызығы бірге жүретін осы жұмыс уақытында басыңыздан өткен қызықты жайттардың бірін айтып кетейіз?

Жетісай қаласында жұмыс жасап жүргенімде гимназияда қосымша сабақ бердім. Сол жерде семинар өтті. Мұғалімдердің өзара сабағына ену жоспарланды. Ол

Кейіпкеріміз «Золотой корифей» халықаралық конкурсының дипломанты. 2015 жылы Парижде өткен кітап салоннда «Общие основы дидактики средней школы» оқулығы алтын медалмен марапатталған. Ы.Алтынсарин, «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер». А.Байтұрсыннов күміс медалімен марапатталған. 2007 жылдан Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясының академигі.

жерде жалғыз ғылым кандидаты өзім. Мақтарал ауданында 110 мектеп бар. Семинар сабағыма 50 ден астам мұғалімдер қатысты. Жиын соңында қатысушылар арасынан біреу маған «Осы жетістікке қалай жеттіңіз, қалай үлгердіңіз» деген сауал қойды. Сонда мен: «Көршілерге барып әңгіме айтуға қолым тиген жоқ. Аз ұйықтап, көп жұмыс жасадым. Күнделікті сағат түнгі 3-ке дейін үй шаруасымен қоса қызметімді де жасадым. Танертең сағат 5 те тұрып, сырымды сауып, кір жуып, тамағымды әзірлеп барып жұмысқа кететінім. Алдыма қойған мақсатыма жеткенше асықтым» деп жауап бергенім. Ғылым да бір қызыққа қиындыққа толы бір өлем екен. 2009 «Жоғары оқу орнының ең үздік оқытушысы» грант иегері болдым. Сол гранттың есебімен Қытай, Жапония, Корея, Латвия, Польша, Швеция, Түркияда елдеріне іссапармен бардым. Ондағы мақсат шетелдің оқу жүйесімен танысу, тәжірибе алмасу. Қытай, Жапонияда сабақтар 1-сәуірден, Еуропа елдерінде 1-қазаннан басталады екен. Қанша шетелге барсам да қалалардың өсемдігі, әдемілігі жағынан өзіміздің елімізге жетпейді екен. Басқа елдің мәдениетін, салт-дәстүрін, оқу жүйесін көрген дұрыс.

Ізінді басқан, жолыңызды қуған шәкірттеріңіз, ұстаздық жолды таңдаған ұлқыңыз бар ма?

Шәкірттеріміз арасынан 5 аспирантым ғылым кандидаты атағына және 6 магистрант атағына ие болды. «Баласы атқа мінесе, үйде отырып тақым қысына» қазақ емеспіз бе?! Ғылыми жетекші болу қиын шаруа. Жаныңды шүберекке тұйып отырарсың. Аспиранттарым қорғап жатқан уақытта балалармен бірдей қобалжитынмын. Шәкірттерім биікке шықса менің де бойым көкке жеткендей болады. Үлкен қызым магистратураны бітірген, колледжде директор орынбасары болып жұмыс жасайды. Енді немерелерімнен үлкен үміт күтемін.

Студенттер жүрегінде жол тапқан білікті ғылым докторысыз. Сіз қандай студент болдыңыз екен?

Студент кезімде ең бірінші мақсатым - білім алу болды. Ойын сауыққа емес сабаққа ден қойып, уақытымды ғылыммен айналысуға жұмсадым. Лингвистикалық үйірменің топ басшысы болдым. Қызықты кештерге, серуендеуге бармай, кітапханадан шықпайтынмын. Семинар сабақтарына лекцияларға дайындап, конспект жасайтынмын. Бөлмедегі қыздарды кітапханаға бірге баруға шақыратынмын. Олар барғысы келмейді. Мен дайындап келген конспектін көшіріп ала қоятын. Студенттік өмірім осылай өтті. Үшінші курста жатақханадан шығып бара жатып, туған бөлем Өшімді кездестіріп қалдым. Соның ықпалымен бөлмесінде бірге тұратын шардаралық студенттермен таныстырды. Осылайша қазіргі жолдасымды кездестірдім. Егер бөлем таныстырмағанда, ешбір жігітпен достаспай тұрмысқа да шықпай өтер ме едім кім білсін?! Құдайға шүкір 44 жылдан бері бір шаңырақ астында бақытты ғұмыр кешудеміз. Ұл-қызымыз, немерелеріміз бар

Әңгімелескен: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРШЫСЫ ҒӘМ ЕЛБАСЫТАНУШЫ

УНИВЕРСИТЕТ ПРОФЕССОРЫ СЕЙДУЛЛА САДЫҚОВТЫҢ
КЕЙБІР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ ТУРАЛЫ

Жақында университет профессоры, филология ғылымдарының докторы Сейдулла САДЫҚОВ Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасының кітапханасы және қоры атынан Қазақстан Республикасының Президенті Кеңесінің бастығы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы директорының міндетін атқарушы Махмұд Қасымбековтен Алғыс хат алды. «Құрметті Садықов Сейдулла! - делінген Алғыс хатта. – Сізге Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы және Қоры Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы құрметіне арналған баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасындағы «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» республикалық конкурсына қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреді және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен құттықтап, деніңізге саулық, шығармашылық табыс, отбасыңызға бақ-бөреке тілейді!»



Журналист-ғалым С.Садықовтың ғылыми-публицистикалық шығармашылығының негізгі тақырыбы – қазақ халқының идентификациялануы, әлемдік дамуда ұлттық бәсекелестікке қабілеттілігі мен ұлттық бірегейлікке ұмтылысы, ұлт мүддесінен өрнектелген ұлттық рух, Қазақстан Президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемдік деңгейдегі абырой-беделі, туған халқына сіңіріп отырған еңбегі, Тәуелсіз қазақ елінің өсіп-өркендеу жолы, жарқын болашағы, ұлтымыздың сан-қырлы көкейкесті өзекті мәселелері.

2015 жылы автордың Қазақстан Президенті – Елбасы туралы жазылған «Ұлы дала генераторы» атты кітабы жарық көрген болатын. Қаламгер бұл еңбегі үшін Президент Әкімшілігінен Елбасының алғысы мен тілектестігін жеткізген арнайы хат алған еді. Аталмыш кітап Президент кітапханасының жетекшісі Елбасы жөніндегі бұл кітапта Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ежелгі Түркістанның өсіп-өркендеуін әрдайым басты назарда ұстайтыны, Түркістан мемлекеттік университетін ашу жөніндегі идеяны туңғыш өзі көтеріп, Жарлыққа қол қойғаны, Халықаралық қазақ-түрік университетіне жасап отырған қамқорлығы көңінен әңгімеленген.

Тәуелсіздік жаршысы ғәм Елбасытанушы С.Садықов Елбасының кітапханасы мен қорының журналистерге арналған «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына оннан астам мақаласын ұсынған болатын. Журналист-ғалымның байқау шартына толық жауап беретін мақалалары республикалық «Ақиқат» және «Қазақстанның жоғары мектебі» журналдарында, республикалық «Қазақ үні», облыстық «Оңтүстік Қазақстан», «Қостанай таңы» газеттерінде, өзге де басылымдарда жарияланып, байқауға ұсынылған «Қазақ елі Тәуелсіздік қарсаңында және Нұрсұлтан Назарбаев», «Ұлттық мемлекеттік құрылым мәселелері және Президент Нұрсұлтан Назарбаев моделі», «Ұлттық идентификация мен ұлттық бірегейлік мәселелері және жалпыұлттық идея», «Жасампаздық белестері», «Жарқын болашаққа бастайтын жол», «Ұлы Дала тарихы – жас ұрпақ тәрбиесінің өзегі», тағы басқа мақалалары өзектілігімен назар аударды.

– Конкурста жүлделі орынға ие бола алмағанымна несіне қалапанамайын, – дейді публицист-ғалым. – Мұны ресми Астанадағы комиссия шешеді ғой. Дегенмен де шалғайдағы рухани астанамыз қасиетті Түркістан қаласындағы білім ордасында еліме, туған халқыма қызмет етіп, қаламымның қарымын таныта беруді Азаматтық борышым деп білемін!

С.Садықов Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларының тұрақты насихатшысы. Облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Нұр Отан» партиясы Түркістан қалалық филиалының «Үздік насихатшы» номинациясы бойынша Алғыс хаттары мен арнаулы сыйлықтарымен марапатталған.

Ол 2015 жылы сәуірде өткен Президент сайлауы қарсаңында Қазақстан Республикасының Президентіне үміткер Нұрсұлтан Назарбаевтың сенім білдірілген өкілі міндетін атқарып, Түркістан қалалық аумақтық сайлаушыларының арасында зор белсенділік танытты.

С.Садықов «Нұр Отан» партиясының, университет Ардагерлер кеңесі мен Сыйбалас жемқорлықпен қарсы күрес ұйымдарының мүшесі.

Б. СЕРДӘЛІ,

профессор, филология ғылымдарының кандидаты.

Ясауи оқу залы ашылды

Ғылыми кітапхананың 2-ші қабатында «Ясауи оқу залының» ашылу салтанаты өтті.

Оқу ордаға есімі берілген ғұлама атындағы оқу залының тұсаукесер лентасын Өкілетті Кеңес төрағасы, профессор М.Иылдыз және университет вице-президенті М.Эрен қиып, кітапхана жұмысына сәттілік тіледі. Сондай-ақ, оқу залының ашылу салтанатына І вице-президент, профессор М.Куталмыш, Ғылыми-зерттеу институтының директоры Н.Шимшек, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторы, доцент М.Арслан қатысты.

Ғылыми кітапхана директоры М.Әбсеметова Ясауи мұрасымен таныстырып, сәредегі кітаптар туралы баяндап, «Қожа Ахмет Ясауи және оның мұрасы» атты кітап бұрышында 200-ге жуық ғылыми еңбектер, бағалы кітаптар жинақталғанын айтты.

Төраға М.Иылдыз біраз құнды кітаптарды, журналдарды оқу залына сыйға тартты. Соның ішінде, профессор М.Иылдыз «Ахмет Ясауи университетінің шаралары» атты кітапта «Қожа Ахмет Ясауи жылына» орай Қазақстанда, Түркияда ұйымдастырылған іс-шаралар жазылғанын айтты.


Өкілетті Кеңес төрағасы М.Иылдыз Ақпарат орталығының басысына сұхбат берді.

Фото: Н. Искаков.
Ақпарат орталығы

УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

ТҮРКІСТАН - ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ
2017 ЖЫЛҒЫ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ

Өткен жылдың соңына қарай Әзірбайжанның Шеки шаһарында «ТҮРКСОЙ» ұйымы тұрақты кеңесінің 34-ші отырысы өтіп, онда Түркістан қаласын түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы етіп бекіту туралы шешім қабылданған болатын. Осыған орай қалада нақты қандай іс-шаралар жоспарланып отыр? Оқырманды қызықтырар деректерді ұсынғанды жөн көрдік.



Жылдың ашылу салтанаты 9-11 ақпан күндері өтеді. Оған барлық тәуелсіз түркітілдес мемлекеттердің және басқа елдердің құрамындағы түркітілдес бауырлас халықтардың өкілдері, барлығы 10 шетелдік делегация қатысады деп күтілуде.

Наурыз айында Халықаралық әйелдер күніне арналған түркі әлемінің «Ана – Нұр көктем!» салтанатты іс-шарасы, «Наурыз-нама» мерекесі мен халықаралық деңгейдегі «Наурыз» ақындар айтысы өтеді. Сондай-ақ, түркітілдес халықтар театрларының «Театр көктемі» фестивалі мен театр басшылары кеңесінің мәжілісі де наурыз айына жоспарланып отыр.

Сәуірде бауырлас халықтар өнерпаздарының қатысуымен «Күлкі жәрмеңкесі» және «Бұраң бел» фестивалдері ұйымдастырылмақ.

Мамыр айында болса, «Turksoy - XX» түркі әлемі опера жұлдыздарының фестивалі, кітап көрмесі және бауырлас халықтардан шыққан ақын, жазушылармен кездесу кештері өтеді.

Жыл бойы «Рамазан айы» фестивалі, түркі әлемі жастарының өнер универсиадасы, «Ұлы Дала әуездері» фестивалі, Түркі әлемі әдеби журналдарының IX-шы конгресі, «Алтын сақа» анимациялық фильмдер фестивалі және Түркі әлемі қолөнер шеберлерінің фестивалі өтетін болады.

Қыркүйек айындағы ТҮРКСОЙ мемлекеттерінің қатысуымен ЮНЕСКО істері бойынша Ұлттық комиссиясының VII мәжілісі мен Түркі әлемінің материалдық емес мәдени мұра бойынша IX семинары да Түркістан қаласында өтеді.

3 қазан күні түркі халықтарының достастық күні аясында да салтанатты іс-шаралар ұйымдастырылады.

Ал, **қарашаға қарай** «ТАҮРКСОЙ» ұйымы Тұрақты Кеңесінің 35-ші отырысы өтіп, сонымен жыл қорытындыланады.

ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АЙҚЫНДАЛДЫ

Ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президент, ғылыми-техникалық кеңес төрағасы Т. Раимбердиев түркология ғылыми-зерттеу институтының 2016 жылы атқарған жұмыстарының есебін тыңдады. Есепті баяндаманы түркология ҒЗИ-ның директоры Дағыстан жасады.

Есеп беруші түркология ғылыми-зерттеу институты ғылым мен білімнің тығыз ықпалдастығы негізінде университеттің зияткерлік және инновациялық әлеуетін дамытуға үлес қосу мақсатында «Түркі мәдениетінің сабақтастығы: түркі халықтарының дүниетанымы мен тарихын, тілі мен әдебиетін, түркология ғылымының қалыптасу кезеңдерін, археологиялық мәдениеттердің сабақтастығын, тілдік байланыстарды, түркология ғылымының қалыптасу кезеңдерін теориялық-әдістемелік аспекті тұрғысында зерттеу» бағыты аясында жүргізіп келе жатқан жұмыстарға тоқталды.

Отандық түркология ғылымының өркендеуіне үлес қосу, ортағасырлық түркі жазба жәдігерлерін зерттей отырып, ғылыми айналымға енгізу, түркі халықтарының тілі мен әдебиетін, тарихын мен дүниетанымын, діні мен фольклорын кешенді түрде зерттеу мәселелерімен айналысып келе жатқан түркология ғылыми-зерттеу институты қызметкерлерінің 2012 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитеті жариялаған «Елдің зияткерлік әлеуеті» атты ғылымның даму әлеуеті бойынша 055-«Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет» бюджеттік бағдарламасы аясында және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркия тарапы қаржыландырған гранттық жоба бойынша жүргізіп келе жатқан зерттеулерін атап көрсетіп, қызметкерлердің Impact Factor коэффициенті бар рейтингтік журналдарда, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған тізімдегі басылымдарда жариялану, алыс және жақын шет елдердегі ғылыми басылымдарда, сондай-ақ түрлі халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларға қатысу көрсеткіштерімен таныстырды.

Түркология ғылымының өзекті мәселелері үшін ғылыми пікірталастар кеңістігін ұйымдастыру мақсатында 2016 жылғы қазан айынан бастап «Бүгінгі түркология: өзекті мәселелері мен алдағы міндеттері» атты ғылыми семинардың айына екі рет өтіп тұратыны және 2 айда бір рет шығатын халықаралық «Түркология» журналы туралы хабардар етті.

Институт директоры С. Дағыстан 2016 жылдың есебін бере отырып, 2017 жылы атқарылатын жұмыстардың да жоспарымен таныстырып өтті. Баяндама соңында ғылыми техникалық-кеңес төрағасы, мүшелері тарапынан сұрақтар қойылды.

Өткен жылдардағы көрсеткіштермен салыстырғанда институттың атқарған жұмыстарының ілгерілегенін, алайда ғылыми әлеуетті дамыту, қызметкерлердің біліктілігін арттыру күн тәртібінен түспеуі тиіс екенін ескерткен Т. Раимбердиев алдағы жұмыстарға сәттілік тіледі.

Жұпар ТАНАУОВА,
Түркология ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары

ЖҮННЕН ЖІБЕК ИРГЕН

Ұлттық өнердің дамуына өз үлесін қосып, ұлттық тәрбие мен қолөнерін шәкірттердің бойына сіңіріп жүрген «Бейнелеу өнері» кафедрасының оқытушысы, Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі Мереке АИДАРШАМЕН сұхбаттасқан едік.

Шеберханаға кіргенде тек қазақтың ұлттық нақыштары бейнеленген бұйымдар байқалады. Қабырғаға ілінген әрбір қол туындысы тарихымыздан сыр шертіп тұрғандай. Сізге бұл өнерге деген қызығушылық қайдан келді?

Мен мектепті бітірген соң арманым дәстүрлі өнші болу еді. Бірақ анам рұқсат етпеді. Қол өнерге түсесің деген соң өзіміздің университеттің «Көркем тоқыма» мамандығына түстім. Өз анам үйде кілем тоқитын, киіз басатын, жүн бояйтын. Бала кезімде ауылда кілем тоқып, жүн түтіп өстік қой. Көркем тоқыма өз еже-аналарымыздың басқан киіздері мен тоқыған кілемдерінің өзгеріске ұшыраған, технологиясы дамытылған түрі. Бірақ университеттегі ұстаздарым бұл өнерге деген көзқарасымыз өзгертті. Әрбір жасаған жұмысымызды мақтай отырып, дұрыс



болмай қалса да «Біткен іске сыншы көп деген, жақсы шығыпты» деген сөздері менің қолөнеріме деген құштарлығымды оятты десем болады. Мен сөздің құдіретін сол кезде түсіндім.

Кілем бетіндегі оюлар мен өрнектер халықтың өмір шежіресінен хабар беріп тұрады. Кілемнің түрлері мен түстерінің өзі ерекше қызмет атқарды. Сондықтан студенттерге (гобелен, пано, кілем, сырмақ тағы басқа) бұйымдарды жасағанда қазақтың нақыштарды пайдаланып, ең болмаса қазақтың тіршілігінен хабар беретін дүниелерді бейнелеңдер, қазақтың иісі шығып тұратын болсын деп талап қоямын. Қазақ көп түс пайдаланбаған. Көбіне жылы бояуларды пайдаланамыз. Қазір киім дизайнерлерімен бірігіп жүннен жасалған киімдердің топтамасын дайындап жатырмыз.

Өткен жыл несімен есте қалды?

Өткен жыл маған тек жасылығыммен есте қалады. Айта кетейін Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде өткен Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Ұрпаққа аманат» атты халықаралық көрмеде 1-дәрежелі дипломмен марапатталдым. Бұл көрмеге Пазырық қорғанынан табылған кілемнің көшірмесін тоқып алып бардым. Каталогта шығармашылық жұмыстарым жарияланды. Әзірбайжан Республикасы және YUNUS EMRE ENSTITUSU ұйымдастыруымен өткен «Түркі дүниесінің ортақ тілі мен нақыштары» атты симпозиумына қатыстым. Алматы қаласында Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында өткен республикалық пәндік олимпиадаға жетекшілік еттім. Студенттеріміз Ақмарал Тойжан 2-орын, Алия Әлмен 3-орынды иемденіп, дипломен марапатталды. Түркістан қалалық Жастар ресурстық орталығы КММ мен Қожа Ахмет Ясауи қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Түркістан жастар көзімен» атты өткізілген сайыста студентке жетекшілік етіп, сәндік өнер бағыты бойынша бірінші орынды Ақнұр Сапарбай жеңіп алды. Бұл тек бір жылдық жетістіктеріміз.

Біраз жерлерге көрмелерге барыпсыз. Алған әсерлеріңізбен бөліссеңіз?

Көрмелерге барғанда бізге төрден орын береді деп мақтанышып айта аламын. Өйткені қолөнер бұйымдарымыз қып-қызыл болып көрменің сәнін ашып тұрады. Біз жылы түстерді көптеп пайдаланамыз. Талдықорған, Семей жақтан келген жұмыстар салқын түстер болып келеді. Көрмелерге барғанда байқағанымыз Түркістаннан келгенімізде естіген адамдар ерекше ілтипат танытып жатады. Барған жерден бір жаңалық алып келуге тырысамын. Әзірбайжанға барған сапарымызда Ахмет Ясауи кесенесі бейнеленген кілемді алып барғанбыз. Сол кілемді тәу етіп сүйіп жатқандарды көргендегі алған әсерімді жеткізе алмаймын. Әзірбайжанда ұлттық салт-дәстүрін құрметтеудің жаппай үлгісін көрдім. Оралған кілем түрінде салынған үш қабатты кілем музейі бар екен. Өлемнің түкпір-түкпірінен қолдан тоқылған кілемдер жинақталған. Арасында біздің қазақ кілемі де бар. Ұлттық музей-мейрамхана дегенді мен сол елден көрдім. Кәдімгі ұлттық тарихи мұражай, бірақ тамақтанатын мейрамхана. Көне заманнан осы заман аралығында өткен әрбір тарихи сәттерін көрсеткен. Сондай бір үйлесіммен жасалған. Тамақ ішіп отырып-ақ бір елдің тарихын, дәстүр-салтынмен танысып, ұлттық тағамдарынан дәм татасыз. Мені қатты таң қалдырды. Мұражайға көпшілік бара бермейді, сондықтан ұлттық тарихын, салт-дәстүрін ұмытпайсың деген ниетте жұмыс жасап отырған мейрамхана болуы керек. Бұл сапардан әзірбайжандық кілемдердің тоқу технологиясын үйреніп келдік.

Университет тарапынан студенттерге ұлттық өнерді үйренуге қандай жағдайлар жасалында?

Мен көрмелерге барғанда жоғары оқу орындарының шеберханаларына арнайы барып көремін. Біздің шеберханадағы Түркиядан әкелінген кілем тоқитын станоктарды еш жерден көре алмадым. Бұл станоктар біздің мақтанышымыз. Осы оқу жылында университет тарапынан тәжірибе сабағын өткізу үшін қажетті материалдарды

алуға қаржы бөлініп отыр. Соның нәтижесінде студенттер жүннен сырмақ, қалпақ, шарф, киімдер басып, ши, кілем тоқып, гобелендер мен панно жасап үйренуде. Қаншама бұйымдарды студенттер өз қолдарымен жасау мүмкіндіктеріне ие болды. Пайдаланатын материалдарымыз меринос қойының жүні. Оның 1 келісі 5500 теңге тұрады. Шынын айту керек студенттердің оны алуға мүмкіндіктері бола бермейді. Тағы бір айта кететін нәрсе, жақында университеттің шақыруымен ұлттық өнерді дамытушы Сәуле Бапанова студенттерге шеберлік сыныбын өткізді. Ол ұлттық қолданбалы өнердің жаңа жанры - киізді панноны енгізген, ұлттық қолөнердің барлық түрін меңгерген ғалым. Сонымен қатар Қазақстандағы жүннен жасалған киімдерді заманауи түрде сәнге енгізіп отырған алғашқы дизайнер. Осы күні студенттер дәріс тыңдады. Оқу ордамыз студенттерге барынша жағдай жасауда.

Сіз, оқытушы әрі кәсіпкер екенсіз. Кәсіпті ашуға не себеп болды? Отбасын, ұстаздық және кәсіпті қатар алып жүру оңай емес, соның қыр-сырымен бөлісе отырсыңыз?

2013 жылы Кентау институтындағы арнайы мамандандыру орталығы жабылды. Қысқартуға ілімдім. Бақытжан Мұхамеджанов институттың директоры, әрі Кентау қалалық мәслихатының депутаты болып тұрған уақыт. Сол кезде Бақытжан ағайдың бағыт-бағдар беруімен жеке кәсібімді аштым. Кентау қаласы моно қалалар тізіміне енгендіктен мемлекеттік бағдарлама бойынша гранттар бөлінеді екен. «Жібек» деген атпен жеке кәсіп ашып, бизнес-жоспардың тақырыбын «Жүнді қайта даярлау, жүннен бұйымдар дайындау» деп алдым. Солай қайтарымсыз қаржы бөлінген соң бастап кеттім. Жүнге деген қызығушылық өзіме жақын. Киіз теселген үйді көре алмайсыз.

Адамдардың бір-біріне деген салқындығы, аурудың көбеюі синтетикалық, жасанды талшықтардан жасалған кілемдер мен киімдерден деп ойлаймын. Қазіргі таңда тұтынушылар табиғи өнімнің артықшылығына мән бере бастады. Табиғи өнімдерден дайындалған ұлттық кілем, киіздерге деген сұраныстар артып келеді. Цехымда өзім үйреткен шебер қыздар жұмыс жасайды. Кілем тоқымыз, киіз басамыз. Тапсырысқа байланысты мәдениет орталықтарын, мейрамханаларды, бөлмелерді ұлттық стильде безіндіру жұмыстарымен айналысамыз. Мақта мен жүнді жуамыз, түтеміз. Маусымына қарай атқаратын жұмыс түрлері де ауысып отырады. Студенттер менің цехыма тәжірибеден өтуге барады. Жазғы демалыста өтініш білдіріп, жұмыс істеуге баратын қыздар болады. Ол кезде қыздарға жалақы төлеймін.

Отбасыма келетін болсам төрт балам бар. Ата-енемнің қолында тұрамын. Балаларымның тәрбиесін әжесі өз қолына алған. Маған да ақыл-кеңесін айтып, көмектесіп отырады. Шатасқан жіптерді қыздарыммен бірге реттеп береді. Менің айналамада жақсы адамдар өте көп. Бір адамның қолынан ештеңе келмейді ғой. Бағыт - бағдар беріп, сөзбен болса да қолдап отыратын адамдар болса қиындықты жеңіп, көзін тауып барлық жұмысты үлгеруге болады екен.

Қазіргі жастардың тәрбиесіне қалай қарайсыз?



Мен студенттерді сабаққа жырытқыш шалбармен кіргізбеймін. Бірде бірінші курстың студенттерінен: - Шашты қазақ әйелдерді қай жағдайда жайған? - деп сұрадым. Арасынан бір қыз ғана: - Күйеуі қайтыс болған әйел - деді. Шаш жайған қазақтың салтында жоқ екенін түсіндіріп отырамын. Кейде сабақ үстінде арт жағынан барып өріп қоямын. Белдерін жауып жүру керектігін, салдарын түсіндіремін. Кіндікке суық тисе болашақта бала сүю мүмкіндігінен айырылатынын естігенде қыздар киімдеріне мән бере бастады десем болады. Қазақ: «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара құлдан тыю» деген мақал бар. Адамды ата-ана, ұстаздар, орта тәрбиелейді. Өрқайсымыз қазаққа тән тәрбиені жастардың бойына сіңіре отырып тәрбиелеуіміз керек. Өз шәкірттерімізмен реті келгенде ақылдасып, ойларын біліп отырамын. Жастарда идея көп.

Алдағы мақсат, жоспарларыңыз қандай?

Шетелден келген қонақтарға ұлттық қолөнерімізді дәріптеу мақсатында ЭКСПО-ға бұйымдар дайындап жатырмыз. «Сенің халыққа берген сыйың мұражайға өткізген бұйымың» деген сөзді оқыған соң алдағы уақытта Пазырық кілемінің көшірмесін ұлттық мұражайдың біріне тапсырсаң деген ой келді. Бұл кілемді Иран, Түрік, Әзірбайжан қолөнершілері тоқыған. Қазақстанда өзге ешкім тоқи қоймады, өйткені еш жерден кездестірмедім. Айта кететін ұсынысым, Мәдениет орталығында жақында ашылған мұражайдың бір бөлмесін ұлттық қолөнер бұйымдарымен толықса жақсы болар еді.

Қолөнер шеберімен ой бөліскен
Эльмира АРТЫҚБАЕВА

УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМ ӨТТІ

(Басы 1-бетте)

Пленарлық жиында I вице-президент, профессор М.Куталмыш «Bağımsızlığın Dile Yansıması: Bağımsızlık Sonrası Kazakistan'da Kazakistanın Yaşınlaşması ve Gelişmesi», Өкілетті кеңес төрағасының кеңесшісі, Билкент университетінің докторы, доцент Мехмет Акиф Киресчи (Түркия), Ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президент, профессор Т.Раимбердиев «Тәуелсіздігіміздің болашағына – инновациялық көзқарас», Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторы, доцент Мехмет Арслан «Kazakistan'ın Avrasya Coğrafyasında Jeopolitik Önemi», Еуразия Ғылыми-зерттеу институтының директоры, доцент Невзат Шимшек «Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстан және Түркия

қатынастары Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент, доктор, доцент Мұстафа Эрен «Қазақстан және Ясауи философиясы», ХҚТУ профессорлары Қалипа Атемова «Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы тәлім-тәрбиенің дамуы», С.Садықов «Қазақ баспасөзі: ұлттық идентификация және ұлттық бірегейлік мәселелері (тарихи-филологиялық аспектілері)» атты баяндамаларын ортаға салды.

Пленарлық жиын соңы секциялық жұмыстарға ұласты.

Шараға қатысушылар мәдениет орталығының фойесіндегі «Ясауи» көрмесін тамашалады.

Б. ОСПАНОВА,
Фото: Н. Искаков
Ақпарат орталығы



ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ - САПАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында таяудағы 2-3 жылда дуальдік, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін қалыптастыру да қазіргі уақыт талабы екендігі айтылған.



Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру. Яғни, жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады. Бұл жүйенің білікті маман дайындауда берері көп. Дуальды жүйенің негізі - студентті оқу орнымен өндірісте қатар оқыту. Бұл жүйеде ең бастысы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады. Дуальды жүйе бойынша білім алған ЖОО түлегі жұмыссыз қалмайды. Өйткені теория мен тәжірибені ұштастырып нәтижесінде, студент оқу бағдарламасын жақсы меңгеріп, нағыз дайын маман болып шығады. Дуальды оқыту жүйесі теориямен қоса практиканы пайдалану деген сөз. Түлектер теориялық жағынан емес, практикалық жағынан да сауатты болмақ. Диплом алысымен олар мекемеге орналаса алмаса да, өздері жеке істерін ашып, бизнеспен айналыса алады. Біздің оқу ордамыз мамандарды даярлауда сапаға ерекше мән береді.

Дуальды оқыту әдісіндегі ерекшеліктердің бірі оқу орындары өздеріне әлеуметтік серіктес табуы керек. Яғни студенттер тәжірибе сабақтарын өткізуі үшін өздерінде даярланатын мамандықтарға сай келетін кәсіпорындармен келісім шартқа отыруы тиіс.

Гуманитарлық ғылымдар факультеті, Білім технологиялары кафедрасы дуальді оқыту бағдарламасын 2015 жылдан бері қолданып келеді. Біз 5В010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы, дуальды оқыту жүйесінің элементтері оқу үдерісіне енгізілуде, биылғы оқу жылы басталғаннан бері (1 қыркүйек - 9 желтоқсан) «Әлия» балабақшасында дуальды жүйемен білім алдық. Бізге бұл практикалық білім үлкен мүмкіндіктер әкелді. «Әлия» балабақшасының әдіскер-тәрбиешілеріне біз алғысымызды білдіреміз. Біздің бойымыздан тәрбиешіге қажетті талаптарды ашып көрсетуге көмегің тигізді.

- жүйелі ойлауды;
- өзін-өзі тануды;
- басқаларға ұсынуды;
- өз қызметін білімді талдауды;
- жаңа білімді;
- бәсекелестікті және өмір талаптарына сай қызмет етуді;
- әр іске жауапкершілікпен қарауды;
- нәтижеге бағытталған істерді жасауды өз бойларыңа сіңіруді.

Жалпы дуальды оқыту жүйесін енгізу барысында әлеуметтік серіктестікті дамытуға ерекше көңіл бөлінетіні анық. Факультетте бұл бағыттағы жұмыстар күн өткен сайын жандануда.

Дуальды жүйені енгізу өзінің алғашқы нәтижелерін беретініне сенеміз. Жұмыс беруші серіктесіміз «Әлия» ұжымы машықтан өтуге барған ЖОО студенттерінің жұмысын жоғары бағалап, ары қарай жұмыс жасауға ұсыныстарын білдіреді» деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе оқу үрдісіне дуальды оқыту жүйесін енгізу арқылы күтілетін нәтижелер аз емес дегім келеді. Олар:

- теория мен тәжірибе сабақтар арасындағы алшақтық жойылады;
- түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі оң шешімін табады;
- оқу орны жұмыс берушінің болашақ мамандарға деген талаптары үнемі ескеріп отырады;
- жұмыс берушілер өндіріс талабына сай білім алушыларға қойылатын біліктілік талаптарды дайындауға, кәсіптік стандарттарда, дуальды оқу жүйесі бойынша модульдік оқу бағдарламаларын дайындауға қатысады;
- дуальды оқу жүйесімен оқыған оқушы белгілі құзыреттерді меңгерген кәсіби маман болып қалыптасады. Сонымен қатар оқытушының дәріс барысында айтқанын өз көздерімен балабақшада іске асырып талдап қорытынды шығаруға септігін тигізеді.

Мария ЖАЗДЫҚБАЕВА,
білім технологиялары кафедрасының доценті

* Сіз қандай студент болдыңыз?

Кадр бөлімінің аға инспекторы Саламат СЕЙДУЛЛАЕВА:

«ҰШҚЫШ БОЛУДЫ АРМАНДАП, ПАРАШЮТПЕН СЕКІРДІМ»

Бүгінгі кейіпкеріміз - кадр бөлімінің аға инспекторы Саламат СЕЙДУЛЛАЕВА. Қарбалас жұмыстан қолы босай бермейтін апайымызды сұхбаттасуға өзгерістерді. Шындығын айтсақ, сөзімізді телефон шырылы жиі бөле берді. Жұмыс бабымен есік қағатын оқытушылар мен қызметкерлер де аз кедергі жасамады. Бірнеше қызметті қатар атқаратын жанның өз жұмысына соншалықты берілгеніне сүйсіндік. Компьютеріне жиі көз жүгіртіп, жұмысымен келген кісінің ісін шапшаң бітіріп беруге асыққанын аңғардық. Әрі қарай апайды сұхбатқа икемдеп, іш тарта сырласуды жөн көрдік. Осы сәт өткен күндердің әдемі сәттері апайымыздың есіне түсіп, жүзіне әдемі шуақ үйірілгендей болды. Алғашында секем алып, сөйлесуден қашақтаған апайдың реңі енді, керісінше, тағы қандай қызықтарымен бөліссем екен дегендей өзгеріп сала берді.

Студенттік шағыңыз туралы айтып бересіз бе?

Студенттік кез қайталанбас сәт. Мен конструкторлық жұмыстарды жақсы көрдім. Ұшқыш, инженер болуды армандадым. Бала қиялым инженер мамандығын таңдауыма себеп болды. 1975 жылы Жамбыл гидро-мелиоративтік құрылыс институтына оқуға түстім. Өкем де, ағаларым да математика саласында қызмет істейтін. Сол себепті менің таңдауыма ешкім қарсы болған жоқ. Біздің топ «ГТС» деп аталды. Топта негізінен жергілікті жердің балалары оқыды. Оқытушыларымыз көріс ұлтының азаматтары болды. Олар өте адал келетін. Сабақтар орыс тілінде жүрді. Алғашқы кезде «тіл сындыруымыз» қиындау тиді. Бірақ орыс тілін қазақша-орысша сөздікті пайдалану арқылы үйрендім. Соңғы курста ғана орыстармен тең дәрежеде сөйлесетін деңгейге жеттім. Біздің кезімізде кітап оқу, кітапқа құмарлық өршіп тұрған кез. Кітапханада кітап көп болмайтын. Бір-бірімізден сұрап, талас-тармаса кезекке жазылатынбыз. «Сенен кейін мен оқимын», деп жүретінбіз. Студенттерді сақшылыққа жиі қоятын. Түннің бір уағына дейін көшелерді кезіп тінтіп қайтатынбыз. Мұндай сақшылық айына бір-екі рет айналып келетін. Тапсырманы орындамай қою, қарсылық таныту деген жоқ. Айтылды ма істейтінбіз. Абыроймен атқаруға тырысатынбыз. Біздің сабақтар бірнеше топпен бірге үлкен аудиторияларда өтетін. Әр топта 25 студенттен бар-тын. Сабаққа алаңсыз барып жүретінбіз. Ал сессия жақындағанда өте қатты белсенділік танытатынбыз. Түнгі екі-үшке дейін, кейде таңды атыра емтиханға дайындалатынбыз. Курстық жұмыстар жазатынбыз. Сызбаларды түрлі құралдар пайдалана отырып өте мұқият орындайтынбыз. Циркуль, линейканың түр-түрі біздің портфельімізден табылатын. «Теоретикалық механика», «Сопротивление материалов» пәндері өте ауыр болатын. Ол сабақтардан төрт алудың өзі бес алғанмен бірдей еді. Бір нанды бөріміз бөлісіп жейміз. Қара нанға маргарин майын жағып, бетіне қант сеуіп жегеніміз әлі есімде. Ол кездер өте қызық еді ғой. Есте сақтау қабілетім маған көп нәрседе көмектесті. Сабақты жақсы оқыдым. Қазір де университет оқытушыларының қай бөлімде істейтінін бірден айта аламын.

Қандай үйірмелерге қатыстыңыз?

Үйірмелер туралы айтатын болсам, ұлдар бастапқы әскери дайындықтан өтетін. Қыздар ГТО тапсыратынбыз. Өнерге қарағанда спорт жанымға жақын еді. Қаратау қаласында парашютпен секіру спортына екі жыл қатысып, тамаша әсер алғанмын. Бұл жерде парашютті жинауды, төменге қарай құлдилағанда ашып қалатын шнурын қалай пайдаланды үйретті. Менімен бірге біздің топтан екі қыз және ұлдар барды. Парашютпен екі рет секіріп, екі төсбелгімен марапатталдым. Баскетбол, волейбол ойнайтынмын. Жамбылдағы үлкен алаң жарыс үшін дайындалатын. Мен жүлделі орынды ұзақ қашықтыққа жүгіру, яғни «кросстан» жеңіп алатынмын. Жүйіктік жүгіріп келіп, лентаны қия сала жата қалатынмын. Бәрі «жатпа, жатпа, жүр» деп жан-жағымнан шуласатын. 9 мамыр - Жеңіс күні мерекесіне орай ұйымдастырылған осы жарыс әлі есімде. Халық қалаулыларын сайлау кезінде тіпті керемет белсенділік танытатынмын. Таңертең ерте, әуен ойнала бастағанда жатақхананың бүкіл студенттерін дауыс беруге шақырғанмын.

Студенттік жылдардан есте қалған ең қызық оқиғаларыңызбен бөлісіңізші.

Инженер құрылыс мамандарын дайындайтын жоғары оқу орнында оқығандықтан, жер құрылысының қатпарларын, тасын, суын зерттейтінбіз. Су қоймаларды, тоғандарды салу, одан ары су кететін каналдардың белгіленген жерге есептеп түсіру тапсырмаға берілетін. Студенттің қулығы көп қой. Кейбір сызбаларды үлкен лампаның жарығын түсіру арқылы көлеңкесін пайдалана отырып көшіретінбіз. Біз өндірістік іс-тәжірибе үшін «Жас еркен» демалыс үйіне бардық. Мойынқұмға жүгері аршуға жіберді. Еткен еңбегімізге айлық берілетін. Шәкіртақы алатынмын. Студент кезімде ақша жетіспеушілігін сезінген емеспін. Біздің достығымыз



берік болатын. Картоп аршып отырған сәтімізден естелікке түскен суреттеріміз әлі күнге дейін сақталған. Қызыққа толы шақ еді ғой. Қолшатырдың астында ұйықтап жататын кейбір студенттер. Лекциялар үлкен залда өтетіндіктен профессорлар кейде байқамайтын.

Жоғары оқу орнын бітіргеніңізге биыл 37 жыл толыты. Группаластарыңызбен, жатақханадағы достарыңызбен хабарласып, кездесіп тұрасыз ба?

- Менің топтастарымның барлығы бүгінде қызметкер. Кейбір кездесулерім туралы айтып берейін. 2014 жылы Манкентте демалысқа барғанмын. Манкентте бес жыл жатақханада бірге тұрған досым Утеев Болатты көрдім. Болат менен екі курс жоғары оқитын. Менің сабақтарыма өте көп көмектесті. Ақылды жігіт еді. Келіншегімен келіпті. Кешкі концертке билет алғалы тұр екен. Дауысынан таныдым. Жағдай сұрасып, өткен күндердің қызықтарын қызу талқыға салып, біраз әңгімелестік. Бұдан өзге 2015 жылы біздің институт бітіргенімізге 35 жыл толуына орай мерейтой ұйымдастырылып, шақыртумен бардым. Барлық факультеттің түлектері бас қостық. Сондағы алған әсерімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Күнделікті жұмысбастылық қарбаластан бір сәт сергіп, өткен күнге саяхат жасап қайттым десем артық емес-ау!

Гүлдана ҚАРАБЕКОВА.

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Yesevi

Üniversitesi

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Бетті муғрізуші муғрілисет Ғалымжан Тәжібаев

MUSA YILDIZ TÜRKİSTAN'DA BASIN MENSUPLARIYLA BULUŞTU

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, 25 Ocak 2017'de düzenlenecek olan "Bağımsızlığının 25. Yılında Kazakistan Cumhuriyeti sempozyumu" ve "TÜRKSOY 2017 Türk Dünyası Kültür Başkenti Türkistan" projesi kapsamında yapılacak çalışmalar hakkında bilgi vermek amacıyla Türkistan ve Kentav da görev yapan ulusal ve yerel medya temsilcilerini Türkistan'da bulunan Ahmet Yesevi Üniversitesinin Rektörlük binasındaki makamında kabul etti.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, gerçekleştirdiği basın toplantısında Türk Dünyası 2017 Kültür Başkenti Türkistan ile bu çerçevede düzenlenecek faaliyetlerle ilgili bilgiler verdi ve konuyla ilgili gazetecilerden gelen soruları yanıtladı.

Basın toplantısında yaptığı açıklamada Başkan Yıldız, 2015 yılının Aralık ayında düzenlenen UNESCO konferansında Türkiye, Kazakistan, Kırgızistan ve Azerbaycan'ın desteği ile 2016 yılının Yesevi Yılı ilan edilmesi için teklifte bulunduğunu, UNESCO'nun da bu teklifi kabul etmesiyle birlikte Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak çalışmalara başlamış olup 2016 UNESCO Yesevi Yılı çerçevesinde 250 faaliyet planlamalarına rağmen yılı 286 faaliyetle tamamladıklarını belirtti. Daha sonra TÜRKSOY Türk dünyası kültür başkenti projesi kapsamında 2017 Yılı Kültür Başkenti olarak Türkistan şehri seçmesi ile birlikte yapılan faaliyetlere 2017 yılında da ara vermeden devam edeceklerini söyleyerek yıl içerisinde gerçekleştirilecek faaliyetleri de kısaca özetledi.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Türkistan'ın TÜRKSOY 2017 Türk Dünyası Kültür Başkenti olarak seçilmesiyle Kazakistan ve Türkistan adına gurur duyduğunu, TÜRKSOY'un 2012 yılı Türk Dünyası Kültür Başkenti projesi kapsamında ilk olarak Kazakistan'ın Astana şehri seçmesinden beş yıl sonra ikinci kez yine Kazakistan'ı tercih etmesinden de büyük onur ve mutluluk duyduğunu ifade etti.

Ahmet Yesevi Üniversitesi'nin Türkistan ve Türk Dünyası'na verdiği önemli katkıları sıralayan Sayın Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, bu manevi şehrin Kültür Başkenti sıfatı ile yeniden gündeme gelmesinin ve dünya çapında tanınmasının zamanı olduğuna vurgu yaptı.

Misyonlarının Hoca Ahmet Yesevi'yi ve öğretilerini tüm dünyaya tanıtmak olduğunu dile getiren Başkan Yıldız, Türklüğümüzü ve Müslümanlığımızı Hoca Ahmet Yesevi'ye borçlu olduğumuza dile getirerek



Hoca Ahmet Yesevi'nin, yetiştirdiği öğrencilerini Anadolu'ya göndererek Anadolu'nun Türkleşmesi ve Müslümanlaşmasında çok önemli bir konuma sahip olduğunu da sözlerine ekledi.

Türkistan coğrafyası hakkında bilgiler de veren Başkan Yıldız, eski Türkistan'ın sadece Türkistan şehri ile sınırlı olmayıp Hazar Denizinden Çin Seddine kadar tüm Orta Asya'yı kapsadığını ifade etti.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, konuşmasının devamında Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde 33 Türk ve akraba topluluğundan gelen öğrencilere eğitim ve öğretim verildiğini belirterek, bu özelliğiyle Ahmet Yesevi Üniversitesinin dünyada eşi ve benzeri bulunmadığını vurguladı. Bunu bir ayrıcalık olarak kabul edip öğrencilerimizin bizler için çok kıymetli olduğunu ve bu sebeple de onlara en iyi hizmeti sunmayı planladıklarını, bu kapsamda yeni birçok projelerin olduğunu söyledi. Amaçlarını ise, öğrencilerinin en iyi şekilde eğitim alıp özeldede kendi ülkelerine genelde ise tüm Türk Dünyasına faydalı birer birey olarak yetişmelerini sağlamak olarak ifade etti.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız ile Mütevelli Heyet Üyesi Prof. Dr. Muhittin Şimşek Türkistan'da

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız ile Mütevelli Heyet Üyesi Prof. Dr. Muhittin Şimşek, 24-25 Ocak 2017 tarihinde düzenlenecek "TÜRKSOY 2017 Türk Dünyası Kültür Başkenti Türkistan" projesi ve "Bağımsızlığının 25. Yılında Kazakistan Cumhuriyeti Sempozyumu" için Türkistan'da bulunuyorlar.

İki günlük yoğun programın ilk günü Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Valihan Abdibekeov ve Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış'ın da katılımlarıyla TÜRKSOY, 'Türkistan 2017 Türk Dünyası Kültür Başkenti' çerçevesinde planlanan çalışmalar hakkında gerçekleştirilen sunumla başladı.

Ardından düzenlenecek olan Uluslararası Sosyal Bilimler Kongresi ve VII. Türkoloji Kongresi hakkında yapılan çalışmaların sunumu ile de devam etti.

Daha sonra Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Üniversitemizin Kültür Merkezinde gerçekleştirilen 'Öğrenciler soruyor Başkan cevaplıyor: Beşeri Bilimler Fakültesi Toplantısı' adlı programla öğrencilerin taleplerini ve sorunlarını dinleyip sorularını cevapladı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'ın Türkistan programı 25 Ocak 2017 tarihinde yapılacak olan "Bağımsızlığının 25. Yılında Kazakistan Cumhuriyeti Sempozyumu" ile son bulacak.

Mütevelli Heyet Başkanı Almaata Başkonsolosu Rıza Kağan Yılmaz'ı ziyaret etti

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Almaata Başkonsolosu Rıza Kağan Yılmaz'ı ziyaret etti. Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Başkonsolos Rıza Kağan Yılmaz'a, Ahmet Yesevi Üniversitesinin faaliyetleri hakkında bilgi verdi.

Ziyarete Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Üyesi Prof. Dr. Muhittin Şimşek ve Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdürü Doç. Dr. Nevzat Şimşek de eşlik etti. Başkonsolos Rıza Kağan Yılmaz, ziyaretlerinden dolayı Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'a teşekkür etti.



AVRASYA ARAŞTIRMA ENSTİTÜSÜNDE "YESEVİ GÜNÜMÜZE NE SÖYLER" KONULU PANEL DÜZENLENDİ

Kazakistan'ın Almata şehrinde bulunan Avrasya Araştırma Enstitüsü'nün düzenlemiş olduğu "Yesevi Günümüze Ne Söyler" başlıklı panele Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız ile Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Üyesi Prof. Dr. Muhittin Şimşek konuşmacı olarak katıldı. Panelin açılış konuşmasında oturum başkanı Doç. Dr. Nevzat Şimşek Hoca Ahmet Yesevi'nin Anadolu, Balkanlar, Afganistan ile Orta Asya'nın çeşitli bölgelerine gönderdiği alperenler ile İslam anlayışının şekillenmesinde ve Müslümanlığın daha iyi anlaşılmasında önemli rol oynadığını ifade etti. Hoca Ahmet Yesevi'nin eserlerinin, fikirlerinin ve öğretilerinin tartışılması için sözü konuşmacılara verdi.



Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız konuşmasında Hoca Ahmet Yesevi'yi tanıtmamızın misyonları arasında bulunduğunu ifade etti. UNESCO'nun 2016 yılını Hoca Ahmet Yesevi yılı ilan etmesi ile birlikte öncelikli olarak 25 başlık altında 250 faaliyet planlandığını

lakin sene içerisinde 286 faaliyet gerçekleştirdiklerini belirtti. Bunların arasında çocuklar için hazırlanan kitaplardan 5 dilde yazılmış Divan-ı Hikmet'e ve Türk Dünyası coğrafyasında çeşitli ülkelerde konferanslar, toplantılar ve paneller gibi etkinlikler ile Hoca Ahmet Yesevi'nin düşüncelerini ve eserlerini tanıtan birçok değişik faaliyetin yer aldığını ifade etti.

Konuşmasının devamında Hoca Ahmet Yesevi'nin hayatı, eğitimi ve eserleri hakkında detaylı bilgiler verdi. Küçük yaşta ailesini kaybettiğini ve eğitimi ilk olarak Aslan Baba'nın yanında başlayıp onun vefat etmesi nedeniyle daha sonraları Buhara'daki Yusuf el Hemedani'nin yanında tamamladığını sözlerine ekledi. Hoca Ahmet Yesevi'yi ilk tanıtan kişinin Fuat Köprülü olduğunu ve onun vermiş olduğu bilgilerde 99.000 öğrenciyi eğittiğini belirtmekle beraber onu diğerlerinden ayıran en önemli özelliğinin Arapça veya Farsca yerine hikmetlerini Türkçe olarak halkın direkt kendi dillerinde anlatması olduğunu ve bu yolla geniş kitlelerin İslamı daha iyi anlamalarında önemli rol oynadığını dile getirdi.

Hoca Ahmet Yesevi'nin Divan-ı Hikmet ile Fakname eserleri hakkında bilgiler vermenin yanında hikmetlerinden örnekler vererek anlamlarının da açıklamasını yaptı. Konuşmasının sonunda Hoca Ahmet Yesevi'nin eserlerini ve düşüncelerini 2017 yılında da anlatmaya devam edeceklerini

ve bu alanda akademik çalışmaların desteklenmesi adına karşılıksız olarak 2 yüksek lisans ve 3 doktora bursunun verildiğini belirtti.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Üyesi Prof. Dr. Muhittin Şimşek konuşmasında Hoca Ahmet Yesevi'nin nasihatlerinin bugüne ne söylediğini ve nasıl içselleştirilebileceği konusunda görüşlerini paylaştı. Bunların arasında aşk, iyilik etme, tebliğ, riyadan kaçınma ve mazlumlara yardım etme gibi düşüncelerin yer aldığını ifade etti. Hoca Ahmet Yesevi'nin düşünce sisteminde ben veya sen kavramının olmadığını bunun yerine bizin yer aldığını belirterek egonun insanlara imtihan amacıyla verildiğini ve birçok problemin altında egonun yattığını dile getirdi.

Bu fikirlerin insanların hayatına dokunduğu takdirde onun düşüncelerinin ve nasihatlerinin günümüze etkisinin görülebileceğini sözlerine ekledi. Buna ek olarak aşkın Allah'a olan aşk olduğunu ifade ederek herkesin tebliğ ile görevli olduğunu, ilmin ve iyiliğin sürekli tebliğ edilmesi gerektiğini belirtti. Ayrıca akıl ve kalbin bilimin iki kanadı olduğunu, biri olmadan bilimin düzgün bir şekilde gelişemeyeceğini dile getirdi. Dahası günümüz problemlerinden birinin iletişim sorunu ile onun meydana getirdiği muhursuzluk olduğundan bahsetmekle beraber bunun herzesinin ise Divan-ı Hikmet olduğunu vurguladı. Konuşmasının sonunda sözün yaşanırsa kelama dönüşeceğini, yaşanmaz ise kuru gürültü olarak kalacağını belirterek sözlerinin kelama dönüşmesi niyetiyle konuşmasını bitirdi.

Panelin sonunda oturum başkanı Doç. Dr. Nevzat Şimşek 2016 yılının Hoca Ahmet Yesevi'yi tanıma ve tanıma yılı olduğunu belirtti ve gelecek yıllarda onun hayatı ve eserleri hakkında araştırmaların yapılması gerektiğini ve bu konuda akademik çalışmaların genç akademisyenlerin bir görevi ve ödevi olduğunu ifade ederek konuşmasını bitirdi. Panelin katılımcıların sorularına panelistlerin cevap vermesiyle sona erdi.

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

TÜRKSOY'DA "HOCA AHMET YESEVİ" KONFERANSI YAPILDI

Uluslararası Türk Kültürü Teşkilatı (TÜRKSOY) tarafından düzenlenen "Türk Dünyasının Öncüleri" konferans serisi "Hoca Ahmet Yesevi" ile başladı.

TÜRKSOY Genel Sekreterliğinde düzenlenen "Türk Dünyasının Öncüleri" konferanslarının ilki, Hoca Ahmet Yesevi'nin hayatının anlatıldığı ve Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'ın konuşmacı olarak katıldığı programla gerçekleştirildi.

Programın açılış konuşmasını yapan TÜRKSOY Genel Sekreteri Prof. Dr. Düsen Kaseinov, Türk Dünyasının Öncüleri konferanslarına Hoca Ahmet Yesevi ile başlamanın anlamı olduğunu, bu tip konferansların İslam medeniyetinin öncülerinin yeni nesillere anlatılması noktasında çok önem taşıdığını kaydetti.

Programın başlangıcında TÜRKSOY Genel Sekreteri Prof. Dr. Düsen Kaseinov, Prof. Dr. Yıldız'a Türk Dünyası Üstün Hizmet Madalyası takdim etti.

Hoca Ahmet Yesevi'nin hayatı ve eserleri hakkında bilgi veren Prof. Dr. Musa Yıldız, Yesevi'nin eserlerindeki ana fikrin insanın ahlakı, manevi ve hoşgörü gibi değerlerinin gelişmesi olduğunu dile getirdi.

Yesevi'nin eserlerini halkın rahatça anlayabileceği basit söyleyişler ile Türkçe yazarak ve anlatarak



dile getirmesi sayesinde geniş kitlelerin hikmetlerini anlayabildiğini belirten Yıldız, Hoca Ahmet Yesevi'den bugüne 4 büyük eser kaldığını anımsattı.

Prof. Dr. Yıldız, 99 bin öğrenci yetiştiren Yesevi'nin vaktini ibadete, talebe yetiştirmeye ve kimseden bir şey beklemeden alın teriyle kazanmaya ayırdığını dikkati çekti.

Türkiye'nin, Kazakistan'ın Türkistan şehrinde kurduğu Ahmet Yesevi Uluslararası Türk Kazak Üniversitesi hakkında da bilgi veren Yıldız, UNESCO tarafından "Ahmet Yesevi Yılı" ilan edilen 2016'da yürüttükleri faaliyetleri anlattı.

Uluslararası Kazak-Çin İşbirliği Merkezi Müdürü Dr. Adil Kaukenov "Yeni Jeopolitik Gerçeklikler İçinde Çin'in Politikası" adlı seminer verdi

17 Ocak 2015 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsünde Uluslararası Kazak-Çin İşbirliği Merkezi Müdürü Dr. Adil Kaukenov "Yeni Jeopolitik Gerçeklikler İçinde Çin'in Politikası" adlı seminer verdi



Dr. Adil Kaukenov yeni jeopolitik gerçeklikler içinde Çin'in politikası adlı seminerinde ana hatlarıyla Çin ile Kazakistan ilişkilerinin özellikleri, İpek Yolu Ekonomik Kuşak ve Avrasya Ekonomik Birliği arasındaki işbirliğinin perspektifleri ve Çin-ABD-Rusya üçgeninde ülkeler arasındaki modern ilişkiler konularına değindi. Kaukenov, Çin ve Kazakistan arasındaki ilişkilerin 1991 yılında kurulmasına rağmen Çin şirketlerinin Kazakistan'a ilk olarak 1997 yılında geldiğini fakat CNPC gibi önemli firmaların ise 2001 yılından sonra geldiğini belirtti. Son 5-7 sene içerisindeki trendlere bakıldığında ABD'nin Afganistan'dan çıkması ile bölgede etkisinin azaldığını ve bu oluşan boşluğun Rusya'nın doldurmaya çalıştığını ifade etti.

Seminerinin devamında Çin'in Orta Asya stratejisinde bazı değişiklikler yaşandığını dile getirdi. Buna örnek olarak 2000 yılında Rusya'nın bölgede en etkili aktör olduğunu net bir şekilde dile getirilir iken bu argümanların 2010 yılında değişerek Rusya'nın yanında Çin'in de önemli bir aktör olduğunu daha sık ifade edilmeye başlandığını belirtti. Burada Çin ile Rusya arasında üstü örtülü bir çekişme olduğunu belirtmekle beraber Çinli yetkililerin Rusya'yı incitmeden arada bir güç dengesi kurmaya çalıştığı yönünde görüşlerini bildirdi. Ukrayna krizi sonrası Rusya'nın AB ile olan ilişkilerinin gerilmesi nedeniyle Rusya'nın Çin'e daha da yaklaştığını sözlerine

ekledi.

Orta Asya hakkında Çin'de akademisyenlerin tartıştıkları konulara değinen Kaukenov bunlar arasında ŞİÖ ile AEB birlikleri arasında serbest ticari alanın kurma, AEB ile Çin arasında serbest ticaret alanı kurma gibi konuların Çin ve Rusya'da etrafıca tartışılmakta olduğunu fakat bu konuların Kazakistan'da fazla gündeme gelerek tartışılmadığını ifade etti. Bir diğer konunun ise Çin'de üretim yapan bazı fabrikaları Orta Asya'daki ülkelere taşıma ve üretimi bu ülkelerde yapma konusu olduğunu dile getirdi. Kaukenov bu tür girişimlerin Kazakistan ekonomisine faydalı olabileceğini düşündüğünü belirtti. Lakin bu firmaların gelmeleri durumunda kendi benlikleri ile geleceklelerini ve bu durumda Kazakistan'ın Çin çalışma kültürüne ne kadar hazır olduğu konusunun tartışılması gerektiğini dile getirdi. Seminerinin sonunda Çin'in bölgeyi iyi incelediğini ve sorunların çözülmesinde Çin'in çıkarlarını da hesaba katan çözüm önerileri üretebildiğini belirtmekle beraber bölge ülkelerinin ise bu önerilere sadece yanıt verdiğini ve kendilerinden fazla fikirlerin çıkmadığını ve bu durumun değişmesi gerektiğini vurgulayarak konuşmasını bitirdi.

Seminerin sonunda katılımcılar Çin-Kazakistan ilişkileri, İpek Yolu Ekonomik Kuşağı projesi konularında görüş alışverişinde bulundular.

Divan-ı Hikmet Sohbetleri'nin 9'uncusu gerçekleştirildi

UNESCO 2016 Hoca Ahmed Yesevi Yılı anısına düzenlenen ve RTÜK Uzmanı Araştırmacı Yazar Dr. Hayati Bice'nin konuşmacı olarak katıldığı Divan-ı Hikmet Sohbetleri'nin 9'uncusu gerçekleştirildi. Programa Bice'nin yanı sıra TİKA Başkanı Dr. Serdar Çam, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Üyesi Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Türksoy Genel Sekreter Yardımcısı Prof. Dr. Fırat Purtaş ve çok sayıda kişi katıldı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Divan-ı Hikmet Sohbetleri'nin bir yılını tamamladığına vurgu yaparak, «Bundan sonra da Divan-ı Hikmet Sohbetlerimiz devam edecek. UNESCO Hoca Ahmet Yesevi Yılı kararını alırken 2016-2017 şeklinde alınmıştı. Biz bu faaliyetlerimizde 2017-2018 sonraki yıllarda Hoca Ahmet Yesevi Sohbeti geleneğini devam ettirmeye çalışacağız» şeklinde konuştu. Yıldız, bir sonraki sohbetin ise 14 Şubat 2017 tarihinde yapılacağını kaydetti.

Radyo ve Televizyon Üst Kurulu (RTÜK) Uzmanı Araştırmacı Yazar Dr. Hayati Bice, 2016 yılının UNESCO tarafından Hoca Ahmet Yesevi Yılı ilan edilmesi ile birlikte akademik ve kültürel alanda Ahmet Yesevi isminin gündeme geldiğine, birçok sempozyum ve konferansın düzenlendiğine vurgu yaptı. Bice, Türkiye'de Yesevi kültürünün ulaştığı düzeyin takdir edilmesi gerektiğine değindi.

2016 yılında Ahmet Yesevi'nin Türkiye'de sıkça gündeme geldiğine vurgu yapan Bice, «Gerçekten çok ciddi anlamda bir Ahmet Yesevi kültürü Türkiye'de teşekkül etti. Bunlara katkıda bulunan kurumlar var» dedi.

Ahmet Yesevi adını taşıyarak yapılan çalışmalara dikkat çeken Bice, ülkemizde sokağa, mahalleye, okullara Ahmet Yesevi isminin verildiğini söyledi.

Konuşmalarının ardından Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız ve Mütevelli Heyet Üyesi TİKA Başkanı Dr. Serdar Çam, Dr. Hayati Bice'ye plaket takdim etti.



Araştırma Enstitüsünde üstün başarı gösteren personele hizmet madalyaları takdim edildi

Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesinin Almatı'da faaliyet gösteren Avrasya Araştırma Enstitüsünde görev yapan personele Kazakistan'ın Bağımsızlığının 25. yılı vesilesiyle, üstün hizmet madalyaları takdim edildi. Hizmet madalyası takdimi törenine; Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yardımcı Rektör Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdürü Doç. Dr. Nevzat Şimşek ile enstitünün akademik ve idari personeli katıldı.

Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdürü Nevzat Şimşek, hizmet madalyası ödülü töreninde yaptığı konuşmasında Kazakistan Cumhuriyetinin Bağımsızlığının 25. yıldönümüyle kutlayarak başladı ve Kazakistan'ın 25 yılda geldiği bu noktanın tesadüf olmadığını, Kazakistan yönetiminin vizyoner, stratejik, bilinçli tercihleri sonucu gerçekleştiğini belirtti. Bağımsızlık yıldönümü vesilesiyle, motivasyon sağlamak ve kaliteyi teşvik etmek amacıyla enstitüde özveriyle çalışan kişilere hizmet madalyası ödülleri takdim etmek istediğini dile getirerek, bundan sonraki iş hayatlarında başarılar dilediğini ifade etti.

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yardımcı Rektör Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren hizmet madalyası ödülü töreninde yaptığı konuşmada, Avrasya Araştırma Enstitüsünün Orta Asya'da hızla yükselen başarılı bir enstitü olduğunu vurgulayarak, enstitünün bugünkü haline gelmesinde başta Enstitü Müdürü Nevzat Şimşek olmak üzere emeği geçen herkese teşekkür edip, bundan sonraki çalışma hayatlarında başarılar diledi.

Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdür Yardımcısı Aidarbek Amirbek, Enstitü Sekreteri Bakhıtzhan Ospanov, Kadro Bölümü Başkanı Akkenje Kulbayeva, Misafir Araştırmacı Hayal Ayça Şimşek, Uzman Araştırmacı Lidiya Parchomchik, Araştırmacı Cengizhan Canaltay ile Araştırmacı Daniyar Nurbayeva hizmet madalyaları takdim edildi.



СОҢҒЫ БЕТ

САНСЫЗ ТАУАР, САН САУАЛ...



Қазіргі таңда түрлі өнімдерді өндіретін фирмалар көп. Көз аша алмайсыз. Қандай жиынға бармаңыз әлдебір танысыңыз шетелдік немесе отандық өнім өндіретін күнделікті тұтынатын тұрмыстық заттардың «пайдасын» айтып, «ала қал» деп қолқа салады. Тигізетін әсері мен кереметін айтып жаһанға жар салғанда, бар жұмысыңды қоя салып, бір сәт сол тауарларды сіздің де мақтағыңыз келіп кетеді.

Айта берсең кереметі мол. Mary Kay, Oriflame, Amway, Avon, Faberlic, Infinum тізе берсең есебіне жетпейсің. Егер артыңа екі адам жинасаң, ол екі адам төрт адам әкеледі. Ол төртеуі тағы... Осылайша жүз немесе екі жүз адам жинайсың. Пирамида... Ол 200 адам, 400 адам ертеді. Бұны бір деңіз.

Кейбіреулері денсаулығыңды нығайтатын әлдебір дәрілердің жеті атасын айтып, таңдай қақтырады. Бағасы қомақты. Денсаулықтан қымбат не бар деп алуыңыз ғажап емес. Бұл да қаржы жинаудың бір жолы сияқты.

Міне, үйде отырып алып, ақша табудың осындай да түрі бар. Саған қыруар ақша түседі. Бір сәтте-ақ байып шыға келесің... Осылай деп қиылып тұрған қызметтесіңмен, әріптесіңмен, танысыңмен, тіпті туысыңмен серіктес болып кеткің келеді.

Дүкендегі, аялдамадағы хабарландырулар жамырап тұр. Қомақты табыс, жеңіл жұмыс, тағысын тағы, осындай сипаттағы жарнамалар «мен мұндалайды». Анықтай келе «бақсаң бақа болып» шығады. Абай Құнанбаев «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» демей ме?! Ендеше оңай жерден олжа іздеуге емес, білім-ғылым үйренуге ұмтылайық, достар!

Ж. ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Оқу ордамыздың Мәдениет орталығының кіші залында жаратылыстану факультеті физика кафедрасының ұйымдастыруымен «Заманауи ғылым және білімнің өзекті мәселелері мен инновация тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияға шетелдік және отандық ғалымдар, оқытушы-профессорлар, магистрант-докторанттар, студенттер қатысты. Алқалы жиында инновациялық жобалар жайлы маңызды баяндамалар тыңдалды. Конференцияның физик-ғалым Төребай Тұрмамбетовтың 60 жасқа толуына орай ұйымдастырылды. Түске дейін пленарлық мәжіліс өтті. Түстен кейін конференция өз жұмысын үш секцияда жалғастырды.



Г. Қарабекова.

ШӘМШІ ТУРАЛЫ СЕРИАЛ ТҮСІРІЛДІ

«Хабар» телеарнасы «Қазақ вальсінің королі», композитор Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен шығармашылығына негізделген «Ән-аға» телехикаясын түсірді. Фильмнің режиссері: Жасұлан Пошанов. Сценарий авторлары Жайық Сыздықов, Мұхамед Мамырбеков. Композитордың түрлі кезеңдердегі образдарын Дәурен Серғазин, Нұрбол Мейрамбаев және Мейірбек Қауымбаев сомдады.

«ДОЛЛАР» СӨЗІ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

«Доллар» сөзі «талер» сөзінен пайда болған. Егер сіз теңіз қарақшылары туралы роман оқыған болсаңыз, міндетті түрде естіген боларсыз. Себебі жазушылар өз әңгімесінде осы сөзді жиі қолданады.

XVI ғасырда Богемия (Чехия) жерінде орналасқан Сен-Иохимшталь қаласы «иохимсталер» атты ақша түрін пайдаланған. Кейіннен ұзақ айтылатын сөз неміс тұрғындарына ауыртпалық түсіріп, қысқартылып «талер» деп айтыла бастады. Одан бертін келе ағылшындар мен голландтықтар «талер» сөзін жиі-жиі қолданып, өздерінің тіл мәнерлеріне сай «доллар» деп атап кеткен. 1776 жылы Америка Құрама Штаты өз тәуелсіздігіне қол жеткізеді. Содан 1792 жылы Америка барлығына бірдей валюта бірлігі етіп «долларды», тиын үлгісі ретінде «центті» енгізу туралы шешім қабылдайды. Доллардың сыртқы бейнесі



жүз жылдан аса уақыт еш өзгеріссіз келген. Тек 1955 жылы «In God We Trust» жазуы бар, әрлеуі барлығына әйгілі доллар банкноты басыла бастады. Бұл жазудың тарихта алатын орны ерекше, өйткені 1881 жылы АҚШ елінде азамат соғысы салдарынан адамдар өмірге діни көзқараспен қарай бастайды. Қарапайым халық ақшадағы таңба адамды дұрыс жолға сілтейді деп есептеген. 1894 жылы ақша банкнотына осы жаңалық Конгресс қолдауымен енгізілді.

ХАБАРЛАҢДЫРУ

Түркістан қаласының түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы болып жариялануына орай ақпан айының 20-24 жұлдыздары аралығында оқу ордамыздың Мәдениет сарайында XVI «Дарын-2017» фестивалі өтетінін хабарлаймыз.

Байқауға ХҚТУ және «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби» колледжі студенттері қатыса алады. Фестиваль 10 түрлі жанрды қамтиды: атап айтқанда, эстрадалық ән орындау, түбі бір түркі әні, жұптық жүргізушілер сайысы, дәстүрлі ән өнері, айтыс өнері, дизайнер (киім үлгілері), суретшілер мен қолөнершілер байқауы, көркем сөз оқу шеберлері мен топтық би сайысы.

Қаңтар айының 26-27 күні іріктеуден өткен өнерпаздар 31-ші қаңтарға дейін продюсерлік орталыққа келіп, өтініш жазып, тіркелуі керек. Қатысушылардың аты-жөні толық көрсетілуі тиіс. Байқауға қатысатын өншілердің минусовкалары тек қана мини-дискіге жазылып, арнайы студияларда өңделуі шарт. Ескерте кететін тағы бір жайт, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың жүлдегерлері бұл байқауға жіберілмейді.

Продюсерлік орталық.

«МОНА ЛИЗА» КАРТИНАСЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Леонардо да Винчидің «Мона Лиза» суретін әлемдегі ең әйгілі көркем сурет десек қателеспейміз. Бүгін біз «Мона Лиза» туралы қызықты деректерге тоқталамыз.



Суреттің италян тіліндегі толық атауы – Ritratto di Monna Lisa del Giocondo, қазақ тіліне аударғанда бұл Лиза Джоконда ханымның суреті дегенді білдіреді. Суретте флоренциялық жібек мата сатушының әйелі Франческо дель Джоконда бейнеленген деген мәлімет бар. Леонардо да Винчи өзін әйел бейнесінде салған немесе анасы Кристина салған деген алып-қашпа әңгімелер де бар. Бұл күнде сурет Луврда тұр. 7 миллион АҚШ доллары жұмсалып суретке оқ өтпейтін әйнек пен қазіргі заманға сай қауіпсіздік жүйесі орнатылған. Көптеген зерттеулерден кейін суреттің қайта өңделіп салынғаны белгілі болып отыр. Сарапшылар суреттің түпнұсқасы әлдеқайда әдемі деген пікір айтады. 1911 жылы Лувр жұмысшылары суретті ұрлап әкетіп, ол сурет 2 жылдан соң қайта табылды. Леонардоның ең бір ерекше мұрасына көз алартқандар қаншама. Салынған суретке тас лақтырып, түрлі түсті сиялар жаққан адамдар да болған. Бүгінгі таңда бұл суреттің бағасын анықтау мүмкін болмай тұр. Алайда Луврдағылар оны 3 миллиард долларға бағалап отыр.

ШЫҒЫС ДАНАЛЫҒЫ

Шығыс даналығының кәусарынан қанып ішкіңіз келсе, ұсынғанымыздан ұрттап көріңіз.

- * Сіз үндемей қалғаныңыз үшін ешқашан өкінбейсіз.
- * Жалғыздықта - ойыңызға, отбасыңызда - мінезіңізге, таныстар арасында - тіліңізге ие болыңыз.
- * Ешкімге ашулы кезде жауап берме, қуанышты кезде уәде берме, ал қайғырып тұрғанда шешім қабылдама.
- * Өзгерің келсе, батыл бол. Мүмкін емес істерді жасағың келсе, төзімді бол. Қай кезде батыл, қай кезде төзімді болу керектігін білгің келсе, ақылды бол.
- * Егін піссе, басын төмен түсіреді, адам байыса, басын жоғары көтереді.
- * Ештеңені білмейтін, бірақ ештеңе білмейтінін түсінбеген адам – ақымақ. Оны айналып өт. Ештеңе білмейтін, бірақ өзінің білмейтінін түсінген жан – шәкірт. Оған білім үйрет. Барлығын білетін, бірақ білетінін түсінбеген адам – ұйқыдағы жан. Оны оят. Барлығын білетін және білетінін түсінген жан – данышпан. Оны ұстаз тұт.

ЕЛ АЛДЫНДА ҚАЛАЙ ШЕШЕН СӨЙЛЕУТЕ БОЛАДЫ?



Белгілі кәсіпкер Ричард Брэнсон: Қорқыныш қаншалықты мықты болғанымен, жетістікке жеткісі келетін адам қолына микрофонды жиі алуы тиіс. Шешендік қасиет ізденушілік пен тәжірибенің нәтижесінде ғана келеді.

«Таза су шеңбері» кітабының авторы Гэвин Максвелл: Қалың жұртшылық алдында сөйлеу керек болған жағдайда сіз өзіңіздің сахнада екендігіңізді мүлдем ұмытуға тырысыңыз. Сізге ғана тесіле қараған көздерді елемейтін амалын жасаңыз. Айтқан сөзіңізді өз үйіңізге достарыңызға әңгіме айтып отырмын деген оймен еркін әрі сенімді жеткізіңіз.

Уинстон Черчилль: Ел алдында сөз сөйлеу тым ұзаққа созылмауы керек.

Марк Твен де мықты шешендердің бірі болған. Ол көптеген адамдардың ел алдында сөйлейтін сөзді алдын ала дайындамай, сол жерде бірдеңе құрастыра саламын деген ұстанымын сынайтын еді. Себебі, өзі айтатын сөзін, әдетте, алдын ала жазып, жаттап алатын болған.

Ел алдында сөйлеуде қобалжымайтын адам болмайды. Ең тәжірибелі дегендердің өзінде мазасыздық пайда болады. Керісінше, ол жақсы ораторға тән қасиет.

Ясауи университеті

Редактор Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Тілшілер:
Журналистика бөлімінің студенттері

Фототілші: Елнұр СЕРДӘЛІ
Беттеуші: Мұрат ШАХАНБАЕВ

Газет 1995 жылдан бастап айына 2 рет шығады

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 4.10.2010 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №11180-Г куәлігі берілген.

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Автордың пікірі, макалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. «Ясауи университетінде» жарияланған мақаланы көшіріп басқанда сілтеме жасалуы тиіс. Кейбір суреттер интернеттен алынды.

Мекен-жайы: ҚР, ОҚО, Түркістан қаласы, Қазыбек би көшесі, №4 оқу ғимараты, 106-кабинет.
Байланыс телефоны: 8 /72533/ 3-21-24, ішкі 117
Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Таралу аумағы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ

Газет «M-PRESS» ЖШС баспа үйінде басылды.

Мекен-жайы: ҚР, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18-үй

Таралымы: 1000 дана

Тапсырыс нөмірі: